Ұлытау облысының Білім басқармасының
Жаңаарқа Ауданы Білім Бөлімінің
«Балдырғн»бөбекжайы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

**Қаралды:**
Педагогикалық
Кеңес отырысында
Хаттама №1
«29»-08--2022 ж

**КЕЛІСІЛДІ:**
Жаңаарқа аудандық білім бөлімінің
әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
_____ Г.И.Достаева
«29» 08 2022 жыл

**БЕКІТЕМІН:**
«Балдырған» бөбекжай»
КМҚК директоры_____
Б.А.Туребаева
«29» 08 2022 жыл
Бұйрық №1

# «Мәдени мұра»

**вариативтік компоненттік шығармашылық жобасы**

(бөбекжайдың ересек топ тәрбиеленушілеріне арналған вариативтік компонент бойынша шығармашылық жоба)

(4жастан бастап)

(18сағат)

2022-2023 оқу жылы

Құрастырған: Ибрагимова М.Р

**Ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық тобының вариативтік компоненттік бөлімі бойынша «Мәдени мұра» шығармашылық жобасына рецензия**

«Ұлттық қазына» вариативтік компоненттік шығармашылық жобасының басым міндеті – өз елінің салт-дәстүрін білетін, құрметтейтін, бойында ұлттық құндылықтар қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Осы негізде ұлттық қазынамыз арқылы әсемдікті игерген, сұлулықты сезінген, құндылықтарымызды қастерлей білетін қазіргі заман тәрбиеленушісі қалыптасады. Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасы арқылы этнопедагогика бағытына сәйкес түрлі салт-дәстүрлер мен ырым-тиымдарды үйренуге ерекше көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балалар салт-дәстүрлер туралы сұрақтар қойып, оларға жауап іздеуді үйренеді. Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасы бірнеше мазмұнға бөлінеді. Бірінші желі жалпы салт-дәстүрмен танысуға бағытталса, екінші желі салт-дәстүрді өмірде тиімді қолдануға бағытталған. Осы мақсатта бөбекжайдың «Мұражай» бөлмесі ертеде ата-бабаларымыз күнделікті тұрмыста пайдаланған ұлттық бұйымдар, тұрмыстық заттар, ұлттық киімдермен, киіз үй жабдықтарымен, мал әбзелдерімен жабдықталған. Мұражай этнопедагогика бағытында тәрбие беру ортасы - кішкентай бүлдіршіндеріміздің ұлтымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін естіп қана қоймай, көздерімен көріп танып білуіне жағдай жасайды. Балабақша ойын баласының таным ордасы. Сондықтан бағдарламаның тағы да бір ерекшелігі - балалар тәрбиешінің нұсқауынан кейін жаңа білімді алу үшін немесе оны бекіту үшін, немесе оны практикалық тұрғыда пайдалану үшін өз икемі, қызығушылығы бойынша орталықтарда жұмыс жасайды. Орталықтар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады.

**Рецензия беруші:**

Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің бас маманы: __________Г.И.Достаева

## Түсінік хат

Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орындар балабақшас, мектеп болмаса да, ата-аналар тәрбиені бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы бере бастаған. Олар қызық-қызық ертегілер, ұзақ-ұзақ жырлар, тыйым сөздер,еңбек арқылы балаларының бойында жақсы қасиеттерді дамытқан. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, бірте-бірте мағыналы да,мәнді сөйлеуге жаттықтыра білген.

Тәрбие - бүкіл адамзаттың алтын бесігі, ал қазақ педагогикасының өткені ата-бабаларымыздың асыл сөздерінде, салт-дәстүрінде жатыр. Дала мектебінің тәрбиесі ананың сүтімен, бабаның қанымен ұрпақ бойынан өз жалғасын тауып отырды, өмір қиындығы төзімділікке баулыды. Ана сәбиін өмірге қалай баулыса, ұлт өз ұрпағының тарих көшінен қалмауын қадағалайды. Жазуымыз бірнеше мәрте өзгергенімен ұлттық тәрбие жойылмады. Туған халқымыздың тарихы, салт-дәстүрлері ұлттық тәрбие негізінде ұрпақтан-ұрпаққа, сан ғасырлар бойы сары майдай сақталып, аманат болып қалып отырды.

Президентіміз Қ.К .Тоқаевтың «Әділетті мемлекет.Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында « Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді.Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар.Қазақ тілі шын мәнінде,білім менғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда.Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар.Бұл-қазақ тілі.Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс.Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.-делінген.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген.

Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе,буыны қатқан соң оның көлеңкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жетілген азамат етіп тәрбиелеу, балабақша жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылданатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер, балабақшалар ашылып, ондағы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы оқу қызметтерінде, оқу қызметінен тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны тәрбиеленушілердің бойына сіңіру – біздің басты міндетіміз. Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн:

1. Ұлттық педагогиканың негізінде тәрбиеленушілерге білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.
2. Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана

**Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасының құрылымы:**
Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелене отырып баланың құзіреттілігі қалыптасады.

**Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасы мазмұнының базалық мазмұнының ерекшелігі:**
Базалық білімді пайдалану арқылы балалардың қызығушылығын, талпынуын арттыра отырып, өздігінен жаңа білім алуына жағдай жасалады, құзіреттілігін қалыптастыру көзделеді.

**Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасын меңгерту формалары:**
- Жекелеме жұмыстар,
- Орталықтардағы дербес жұмыстар,
- Топтық жұмыстар,
- Ұжымдық жұмыстар.

**Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасының тиімділігін бағалау критерилері**
- Тәрбиеленушінің шығармашылық белсенділігінің жүйелі болуын үнемі қадағалап отыру.
- Меңгеретін тақырыптарды тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай беріп отыру керек.
- Өзге ұлт балаларына екі тілде меңгеруіне мүмкіндік беру.
- Жекелеме және топтық жұмыстар жүргізу.
- Ата-аналармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру, іс-шараларға қатыстыру.
- Әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданып отыру керек.
- Тәрбиеленушінің жетістігін әрқашанда мадақтап отыру керек.

**Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасын тиімді түрде жүзеге асыруда кездесетін кедергілер, болуы мүмкін қиындықтарды болжау:**
1. тәрбиеленушілердің бөбекжайдан жиі қалуы;
2. ата-аналардың өз балаларына көп уақыт бөлмеуі;
3. өзге ұлт балаларының қазақ тілін тез меңгере алмауы.

Қорыта келгенде, бүгінгі күнде болашақ ұрпақты саналы да, әдепті тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып,ұлттық дәстүрімізді, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіре білу балабақшаның басты міндеті. Тәрбиенің көзі-ата бабамыздан қалған дана сөздер десек, біздер яғни тәрбиешілер-сол насихаттарды жүргізушілерміз. Бұл қоғам алдындағы үлкен міндетіміз десекте болар. Жоғарыда айтылған жұмыстардың жемісі ретінде төмендегідей нәтижеге жетпекпіз.

**Күтілетін нәтижелер:**
- Салт-дәстүрді меңгереді.
- Ата-бабамыздың күнделікті тұрмыста қолданып, қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан заттар мен бұйымдарды танып біледі.
- Ана тілін жетік меңгеріп сөздік қорлары молаяды.

- Ұлттық ойындар арқылы дене қозғалысы қалыптасады, түрлі жаттығуларды меңгереді.
- Ұлттық әшекейлермен зергерлік бұйымдарды көру, жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор бола білетін, отансүйгіш, ұлтжанды тұлға қалыптасады.

**Балалардың жастары**: ересек тобы ( 4 жастан бастап)

**Білім беру қызметінің тәртібі:**
Вариативтік компоненттік шығармашылық жобасы айына 2 рет күннің екінші жартысында өтіледі.

**Ата-аналармен жұмыс:**
1. Әңгіме.
2. Материалды іріктеу кезінде кеңес беру.
3. Сарапшылар ретінде әрекет етеді.

## Әдістемелік ұсыныстар

Мектепке дейінгі балалардың этнопедагогикалық тәрбиесін ең алдымен адамгершілік-рухани тәрбие ретінде қарастыру керек, өйткені адам өзінің тарихымен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, өткенін білмей, келешекте дамып, жетілуі екіталай. Өткен тарихын біле отырып, келешекке бет бұрады. Этнопедагогикалық тәрбие жүйесі . педагогтердің алдына мынадай міндеттерді қояды:

- салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың қаншалықты маңызды екенін түсіну;
-этнопедагоикалық тәрбие арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу;
- балалардың тыйым сөздерді түсіну арқылы жаман әдеттерден жирену сезімдерін дамыту;

Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартын мектеп жасына дейінгі балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру мен мазмұнын анықтауға талдай отырып, мен мектепке дейінгі балалардың этнопедагогикалық білім алуын барлық білім беру салалары бойынша жүзеге асыруға болатын деген қорытындыға келдім.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны:

- Ұлттық ойындар арқылы дене қозғалысын, қимыл белсенділігін арттыру;

«Коммуникация» білім беру саласының мазмұны:

- Салт-дәстүрді көрсете отырып, рольдерге бөлініп ойнауды үйренеді;
- Сөздік қорын, тіл байлығын дамыту;
- Әңгімелеп айтуға үйрету;
- Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

«Таным» білім беру саласының мазмұны:

- балалардың ой-өрісін кеңейту;
- Отан, табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны:

- Қолөнер бұйымдарына қызығушылықтары арта отырып, мамандық таңдауға көмегі тиеді;
- Ертегілерді тыңдай отырып, оларды сахналауды үйренеді.

«Әлеумет» білім беру саласының мазмұны:

- қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды меңгеруге;
-эмоционалдық көңіл-күйді, оның ішінде ертегілер, жұмбақтар арқылы табиғи объектілерге қатысты көңіл-күйді дамыту;

Білім беру салаларының нақты мазмұны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты және балалардың этнопедагогикалық бағыттағы қызметінің әр түрлі түрлерінде іске асырылады.

Білім беру мекемесінде орта:

- танымдық іс-әрекет, эксперимент жасау, зерттеу объектілерін жүйелі бақылау;
- табиғат құбылыстарына қызығушылықты күшейту;
– экскурсиялар, мұражайдағы сабақтар;
- баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;

Этнопедагогикалық тәрбие беру мақсатында көрнекіліктер ретінде киіз үй, үй жиһаздары, ыдыс-аяқтар, ұлттық киімдер, зергерлік бұйымдар пайдаланылады. Ұлттық киімдер мен заттардың ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланылуы балалардың көздерін үйретіп қана қоймай, бұл бұйымдар жайлы біраз мағұлмат алып, аттарымен танысып әрі не үшін қолданылатынынан да хабардар болуға мүмкіндік береді. Салт-дәстүрлер баланың дүниеге келген күнінен бастап өмір баспалдақтарындағы әрбір қадамында пайдаланылады. Балалардың тілдік қорының молайып, өз ойларын толық жеткізе білуге деген құлшынысының артуы, сахналық қойылымдарға қатысып, шығармашылық ізденіске талпынуы-қол жеткен жетістіктеріміз. Бағдарламаның маңыздылығы балаларды ортаңғы топтан бастап өз-өзін ұстай білу мәдениетіне, туыстық, достық, жолдастық қарым-қатынастарға, табиғатты, қоршаған ортаны сақтау, адамгершілікке, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелеуде, олардың ой-өрісін, санасын, мінез-құлқын қалыптастыруға тиімді әсер етеді. Осы бағдарлама балалардың салт-дәстүрлерді тереңірек үйренуіне, өз еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімдерінің оянуына, қазақ халқының ертегі, аңыздарына деген қызығушылықтарының артып, сахналық қойылымдарға қатысуына жол ашады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 9қыркүйектегі
№394 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
1-қосымша

1

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент шығармашылық жобасы бойынша ересек топтың перспективалық жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары |
|---|---|---|
| | | 4 жастан бастап ересек топтар «Қарлығаш» , «Болашақ» айына 2 рет |
| 1 | Қазақтың баспанасы-киіз үй | |
| 2 | Сандық | |
| 3 | Сырмақ | |
| 4 | Ұршық | |
| 5 | Тыйым сөздер | |
| 6 | Зергерлік бұйымдар | |
| 7 | Төрт түлік туралы | |
| 8 | Сәнді ою-өрнек | |
| 9 | Әдептілік-әдемілік | |
| 10 | Қарты бар үйдің қазынасы бар | |
| 11 | Жеті санының қасиеті | |
| 12 | Жақсылық пен жамандық ертегісі | |
| 13 | Ұлттық музывкалық аспаптар | |
| 14 | Өткен тақырыптарға қайталау | |
| 15 | Ұлттық киімдер | |
| 16 | Мқрагер ертегісі | |
| 17 | Қонақ күту-ата дәстүріміз | |
| 18 | Бесікке салу | |

**Ересек топқа арналған «Мәдени мұра » вариативтік компоненттік шығармашылық жобасының мазмұны**

| № | Тақырыптар | Мақсаты |
|---|---|---|
| 1 | Қазақтың баспанасы-киіз үй | Киіз үй туралы мәлемет беру, киіз үйдің бөліктерімен таныстыру. |
| 2 | Сандық | Қазақтың ұлттық бұйымы сандықпен таныстыра отырып, үлкендер еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу |
| 3 | Сырмақ | Сырмақ —киізден жасалып, өрнектелген қазақ төсеніштері екенін. көбіне үйдің қабырғалары мен еденін сәндеу үшін қолданылатын қолдан жасалған, арнайы тоқу технологиялары бар бұйымдар екенін айту. |
| 4 | Ұршық | Жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған жеңіл аспап, жіп иіретін құрал екенін, дәстүрлі қазақ қоғамында ұршықмал өнімдерін пайдаланудағы басты еңбек құралдарының бірі болғанын айтып, мәлімет беру |
| 5 | Тыйым сөздер | Ырым-тиым сөздердің мән мағынасын түсіндіру |
| 6 | Зергерлік бұйымдар | Зергерлік бұйымдармен таныстыра отырып, үлкендер жұмысына құрметпен карауға тәрбиелеу. |
| 7 | Төрт түлік туралы | Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың төрт түлікті дәріптеген өлең жырлар, әңгімелер арқылы танымын, жан-жануарлар туралы түсініктерін арттыру; |
| 8 | Сәнді ою-өрнек | Ою-өрнек туралы мағлұмат беру.Қоғам өміріндегі еңбектің,халық қол өнерінің рөлін түсіндіру.Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету. |
| 9 | Әдептілік -әдемілік | Балаларды еңбекқорлыққа баулу,тыйым сөздерді айта отырып, мағынасын ашып түсіндіру. Балаларды сөйлеуге, тәрбиенің сұрағына дұрыс жауап бере білуге үйрету, |
| 10 | Қарты бар үйдің қазынасы бар | Қарт деген кім, қарттар күнінің аталып өтілу мақсаты неде екенін түсіндіру; балалардың ой-санасын дамыту, танымын кеңейту; Жасы үлкенді сыйлауға, халқымыздың дәстүрін қадірлеуге, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу |
| 11 | Жеті санының қасиеті | Ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану арқылы |

| | | |
|---|---|---|
| | | балаларға ұлттық тәрбие бере отырып, салт-дәстүр, ұлттық өнермен таныстыру; сөздік қорын молайтып, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту, танымын кеңейту; |
| 12 | Жақсылық пен жамандық ертегісі | Ертегінің мазмұнын түсіндіріп жақсы-жаман ұғымын түсіндіру |
| 13 | Ұлттық музыкалық аспаптар | Ұлттық музыкалық аспаптармен таныстыра отырып, олардың неден жасалатыны, қалай пайдаланатыны туралы мәлімет беру. |
| 14 | Өткен тақырыптарға қайталау | Өткен тақырыптар бойынша қорытынды шолу жасау. Балалардың киіз үй жиһаздары туралы білімдерін, түсініктерін тексере отырып, толықтыру.<br>Сурет, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған қызметтерімен байланыстыра отырып, балалардың елестету, ойлау, қиялдау қабілеттерін шыңдау, топтық жұмыс жасату арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| 15 | Ұлттық киімдер | Балаларға ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Ұлттық киімдердің суреттерін, тігілген дайын үлгілерін көрсету арқылы ұлттық киімдер туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық киімдер туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру.<br>Ұлттық киімдердің қажеттілігін түсіндіре отырып, оларды бағалай, күте білуге баулу. |
| 16 | Мұрагер ертегісі | Балалардың сұрақ-жауап арқылы түсінгендерін айта білуге, ертегіні сахналап ойнай білуге баулу. |
| 17 | Қонақ күту- ата дәстүріміз | Қонақ күту- ата дәстүріміз екенін, қонақ келсе үйге құт-береке келетінін айта отырып, адамгершілікке тәрбиелеу. |
| 18 | Бесікке салу | Жас сәбиді бесіккебөлеу ретін айтып түсіндіру.Бесік жырын үйрету. |

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент бағдарламасының**
**Конспектісі**
**«Қарлығаш» ересек тобы**

**Тақырыбы:** Қазақтың баспанасы - киіз үй туралы түсінік
Балаларға қазақ халқының баспанасы киіз үй туралы түсінік беру.Киіз үйдің қажеттілігін, пайдасын және құрлысын таныстыра отырып, оны қалай тігу жолдарын үйрету арқылы киіз үй туралы ұғымдарын кеңейту, дамыту. Ұлттық мұраларды біліп, үйренуге деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ата-баба мұраларын танып-біліп, бағалай білуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** Киіз үй,Баспана

| **Қызмет кезеңдері** | **Этнопедагогтың қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық**<br><br>**қызығушылық** | **Тәрбиеші:**<br><br>-Балалар қарандаршы мына жерге бізге біреу бірнеше заттар тастап кетіпті.<br><br>- Кәне қарап көрейік. Бұл не заттар екен?<br><br>1. Балаларға киіз үйдің шаңырағын, керегесін, уықтарын көрсетіп, таныстыру, атауларын қайталап айтқызу.<br><br>2. Дайын киіз үй үлгісін көрсетіп, шеңберге тұрғызу және киіз үйді тігуді қимылмен жасату:<br><br>Көтерейік шаңырақ,<br><br>Керегені керейік,<br><br>Алып бір-бір уықты,<br><br>Киіз үйді тігейік. | Балалар қызығып, дайын киіз үй үлгілерін көреді.<br><br>Қимыл арқылы киіз үйді тігу қимылдарын жасап, қызығушылықтары ояниды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық ізденушілік** | **Ғажайып сәт:**<br>Топқа ұлттық киім киген атай кіреді.<br>**Атай мен балалардың әңгімесі.**<br>Атай балаларға киіз үй үлгісін көрсете отырып, киіз үйді қалай тігеді және оның пайдасы туралы түсінік берді.<br>-Мал баққан көшпелі халықтың қысы-жазы отыратын баспанасы киіз үй болған. Ол тез жығып, түйеге артып жүре беруге, тез тігуге, көшіп-қонуға ыңғайлы етіп жасалған. Кйіз үйдің жазда ауасы таза әрі салқын болады екен.<br>**Билингвальдық компонент:киіз үй-юрта, баспана-.**<br>**Сөздік жұмысы:**<br>**Киіз үй**-ұлттық баспана, оның сырты киізбен қапталады. Сондықтан оны киіз үй деп атаған.<br>**Баспана**-үй деген мағынаны білдіреді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көтерейік шаңырақ,<br>Керегені керейік,<br>Алып бір-бір уықты,<br>Киіз үйді тігейік.<br>**Ойын «Киіз үй құрайық»**<br>Шарты: 2 топ. Әр опта 4 бала, ортада орамал.Ұлттық музыка | Балалар атаймен амандасады.<br>Балалар киіз үй туралы атайдың әңгімесін тыңдайды.<br>Дайын үлгіде жасалған киіз үй үлгілерін көздерімен көріп, танысады.<br>Сөздерді түсініп,жаңа сөздерді есте сақтайды.<br>Өлеңдегі қимылдарды жасайды.<br>Балалар ойынды тез, әрі үлкен қызығушылықпен орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойнап тұрады, музыка тоқтағанда әр топ балалары орамалды 4 ұшынан көтеріп, киіз үй құруы керек. Қай топ тез, әрі әдемі құрса, сол топ жеңіске жетеді. | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Атай кез-келген баланың алдына дайын киіз үй үлгісін қойып, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ол туралы не білгендерін сұрайды.<br>Тәрбиеші мен атай балаларды мадақтап киіз үй суретін береді. | Балалар дайын киіз үй үлгісін көрсетіп тұрып,киіз үй туралы білгендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Нені біледі:** Киіз үй туралы біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** Киіз үйді құрлысы туралы түсініктерді игереді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Киіз үйді қалай тігу дағдылары мен іскерліктерін меңгереді.

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент бағдарламасының конспктісі**
**«Қарлығаш» ересек тобы**

Тақырыбы:Сандық
Мақсаты:
Балаларға үй жиһазы сандықтуралы түсінік бере отырып, таныстыру.
Салт – дәстүрлерді құрметтеу. Басқа пәндерден алған білімдерін еңбек сабағында дұрыс қолданабілу, қабілетін арттыру.
Ұлттық заттар қадірін түсініп, бағалай білуге баулу.
Сөздік жұмыс: сандық, киім салады.

| **Қызмет кезеңдері** | **Этнопедагогтың қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қол алысып кәне біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Қайырлы күн Жер-Ана!<br>Қайырлы күн достарым!<br>Жиһаздарды тізейік,<br>Танып оны білейік!<br>Осы кезде топқа әндетіп, Алдаркөсе кіреді:<br>-Мен Алдармын, Алдармын,<br>Елдің бәрін алдармын-деп тоқтай қалып, қуанып:<br>-Амансыңдар ма, балалар!<br>Мынау таныс балалар ғой. Сендерді тез тапқаныма өте қуаныштымын. Мен сендерді алдамаймын. Сендер мен ұмытқан жоқсыңдар ма?<br>Тәрбиеші:<br>-Көрдіңіз бе Алдеке! Біздің балалар өте ақылды. Олар сізді | Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бір-бірінің қолдарынан ұстайды.<br>Жерге иіліп сәлем береді.<br>Бір-біріне қарап күлімдейді.<br>Орындарына жайғасады.<br>Әндетіп келген қонаққа балалар көңіл аударып, амандасады.<br>Балалар Алдарды өткен жолы көргендері туралы айтып береді.<br>Балалар тәрбиешінің көмегі арқылы абажа, кебеже атауларын жекелей, хормен |

| | | |
|---|---|---|
| | ұмытқан жоқ. Кәне, сұрап көріңізші біздің балалар сізге қандай үй жиһаздары туралы айтып еді. | айтып, суреттерін тауып көрсетеді. |
| **Ұйымдастырушылық**<br><br>**ізденушілік** | Алдаркөсе:<br><br>-Балалар, сендер қандай ақылдысыңдар. Қаншама үй жиһаздарының атауларын білесіңдер. Жаңа маған жолда Қожанасыр досым сендерге көрсет, ұнаса сыйла деп мынадай үй жиһаздарын беріп еді, сендер оның атауын білесіңдер ме?<br><br>Тәрбиеші:<br><br>-Алдаркөсе сіз бұл бұйымдармен балаларды өзіңіз толық таныстырып өтсеңіз.<br><br>Алдаркөсе:<br><br>-Балалар, мынау сандық. Кәне бәріміз бірге айып көрейікші.<br><br>1. Сандық – ұлттық бұйым. Сандық әр түрлі бұйым салуға арналған ағаштан жасалған тұрмыста қолданылатын үй жиһаздары негізіне жатады.<br>2. Сандықтың шығу тарихы: Қазақ халқының қолөнері өте бай және ою - өрнектері терең философиялық мазмұнда салынған. Ежелгі бабаларымыз жалғыз сандықтың өзін өрнектермен нақыштап қана қоймай, зергерлік өнердің әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, алтын, күміс басқа да небір құнды | Балалар Алдардың дорбасынан алған заттарды қызықтай қарап, білетіндері болса, атауын айтады.<br><br>Әр жиһаздың атын балалар жекелей, хормен айтып, дұрыс айтуға және жиһаздарды бір-бірінен ажырата білуге жаттығады. |

| | | |
|---|---|---|
| | асыл тастармен өрнектеген. Ондағы әшекейлердің байланыстары өте күрделі. Ежелгі шеберлер ағаш бұйымдарын көбіне сүйек пен әрлеген. Сандық киім кешек. Әр түрлі уақ-түйек бұйымдар сақтау үшін үлкенді - кішілі «қол сандық», «әбдіре», «жағдан», «кебеже»т. б түрлері көп.<br>3. Қолданылуы: Сандық киім – кешек салу үшін қолданылады. Сандықты қыз ұзатқан кезде артынан киім-кешегін салып апарғанға қолданады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолға ағаш алайық,<br>Сүргілейік, қырайық,<br>Шегелейік, қағайық,<br>Оюларын сызып ап,<br>Жиһаздар жасап қояйық.<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар қазір біз Алдаркөсемен бірлесе отырып, сендермен ұшты-ұшты ойынын тағы бір ойнап көрейік.<br>Ойын:**«Ұшты-ұшты»**<br>Ойын шарты:Қазір Алдаркөсе сендерді алдау үшін кез келген заттың атауын атайды. Оның ішінде ұшатыны да, ұшпайтыны да бар. Ұшатын құстың, жәндіктің атауы болса ғана қол көтеру керек | Балалар қызыға тыңдайды.<br>Орындарынан тұрады.<br>Ағаш алу , сүргілеу, қыру, шегелеу, қағу, ою сызу қимылдарын жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | те, ұшпайтынға қол көтеруге болмайды. Ойынды кім соңына дейін шатаспай ойнаса, сол жеңіске жетеді.<br>Мысалы:<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты.<br>Ұшты–ұшты сандық ұшты,-деп жалғаса береді. | Ойын балалардың зейінін дамыту үшін ойнатылады. Балалар ойынды үлкен қызығушылықпен орындайды. Және үй жиһаздары туралы білімдерін кеңейтеді. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Тәрбиеші:<br>-Балалар бізді бүгін Алдаркөсе атамыз қандай үй жиһазымен таныстырды?<br>-Балалар, сендер бүгін өте тамаша жұмыс жасадыңдар, жарайсыңдар. Мен сендерге ескерткіш ретінде мына Қожанасыр досым берген сандықты сыйға тартамын. Ал қазір мен сендермен қоштасамын. Кездескенше сау болыңдар,-деп әндетіп шығып кетеді. | Балалар әбдіре, сандық атауларын айтады.<br>Балалар Алдаркөсенің мадақтауларына, оның сыйлығына риза болып,оны келесі жолы да тосатындарын айтып, шығарып салады. |

Күтілетін нәтиже:
Нені біледі:сандық туралы біледі.
Қандай түсініктерді игерді: Олардың үй жиһазына жататынын және не үшін қажеттігін.
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:Орынды сөйлеу, мұқият тыңдау.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**
**«Қарлығаш» ересек тобы**

**Тақырыбы:**Сырмақ

**Мақсаты:**

Балаларды ұлттық  киіз үй жиһаздары сырмақ туралы түсінік беру, жасалған үлгілерін көрсету арқылы таныстыру.

Сырмақтың неден, қалай жасалатынын түсіндіре отырып, ұлттық жиһаздар туралы ұғымдарын кеңейту, ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.

Сырмақ үлкен еңбекпен жасалатыны туралы айта отырып, еңбексүйгіштікке, басқаның еңбегін бағалай білуге баулу.

**Сөздік жұмыс:**сырмақ, ою.

| **Қызмет кезеңдері** | **Этнопедагогтың қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қол алысып кәне біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Қайырлы күн Жер-Ана!<br>Қайырлы күн достарым!<br>Киіз түтіп біз енді,<br>Сырмақ сырып көрейік.<br>Текеметте жасайық,<br>Төрге төсеп салайық.<br>**Осы кезде топқа қолында фотоаппараты бар Фотограф бала келіп, кіреді.**<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар, қараңдар, біздің Арман фотографымыз сөзінде тұрып, ұмытпай бүгін бізге тағы да келіпті, | Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Сырмақ сыру,<br>Текемет жаю қимылдарын жасайды.<br>Балалар фотографты көріп, қуанып, |

| | | |
|---|---|---|
| | кәне амандасайық. | амандасады. |
| **Ұйымдастырушылық-<br>ізденушілік** | **Фотограф бала:**<br>-Балалар мен сендердің өткендегі фотоларыңды алып келдім. Қазір сендерді алаңдатпау үшін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің соңына қарай көрсетемін. Ал, бүгін фотоға түсуге қалайсыңдар, әлде сурет саламыз ба, жапсырма орындаймыз ба?<br>-Олай болса, сурет салатындарың Арманның қасына ал, жапсыру жасағыларың келетіндерің менің қасыма жиналыңдар.<br>Біз бүгін сендермен ұжымдық жұмыс жасап көрейік. | Балалардың біразы сурет салғылары келетіндіктерін, енді бірі жапсыру жасағылары келетіндіктерін айтады.<br>Балалар тәрбиешінің айтуы бойынша екі ұжымға бөлінеді. |
| | **Фотограф бала:**<br>-Балалар енді мұнда қараңдар. Міне мынау екеуі де қой жүнінен жасалған ұлттық бұйым. Ата-бабаларымыз мұны қазіргі кілем, палас орындарына пайдаланған.<br>**Сөздік жұмыс:** | Балалар жекелей, хормен сырмақ, |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сырмақ**-сыру деген сөзден шыққан.<br>**Текемет** –оюмен өрнектеліп жасалған ұлттық төсеніш.<br>Тәрбиеші:<br>-Жұмысымызды бастамас бұрын біраз сергіп, күш жинайық.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Жүнді түтіп майдалап,<br>Үсті-үстіне жинайық.<br>Сырмақ сырып, сызыла,<br>Текемет те басайық,<br>Ақылменен бірлесе,<br>Ұжыммен жұмыс бастайық!<br>**Ұжымдық жұмыс**<br>1-ші ұжым «Сырмақ сыру» тақырыбында салнған сырмақты Арманның көмегімен бояйды.<br>2-ші ұжым «Текемет басу» тақырыбында дайын шаблондар бойынша текемет жапсырады. | текемет атауларын айтып жаттығады..<br>Орындарынан тұрады.<br>Жүн түту,<br>Жүнді жинау,<br>Сырмақ сыру,<br>Текемет басу қимылдарын жасайды.<br>Балалар ұжыммен бірлесе отырып, ақылдаса бояу түрлерін таңдап , бірі желім жағып, бірі жапсырып, жұмыс жасайды.<br>Жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, алмастырып, сыйлайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | **Фотограф бала:**<br>-Балалар сендермен жұмыс істеген маған өте ұнайды. Бірақ менің әлі басқа да жұмыстарым бар. Мен сендерге өткендегі фотоларыңды сыйлайын деп, балаларға түсірген фотоларын үлестіреді де, қоштасып, шығып кетеді.<br>-Балалар енді бүгінгі жұмыстарымызға | Балалар таратылған фотолардан өздерін көріп мәз болады.<br>Балалар суреттегі сызбалар көмегімен |

| | | |
|---|---|---|
| | бір шолу жасап өтейік,-деп сызбалар бойынша қортындылатады.<br><br>(Қорытынды суретті сызба арқылы жүргізіледі, яғни суреттегі сызбалар көмегімен балалар бүгінгіт жасаған жұмыстарын қорытындылайды.) | шаттық шеңберінен бастап, сурет салғандарын, жапсыру жұмысын орындағандарын еске түсіріп, айтып береді. |

**Күтілетін нәтиже :**

**Нені біледі:** Сырмақ, текемет атауларын, қалай, неден жасалатынын

**Қандай түсініктерді игереді:** Сырмақ сыру, текемет басу.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Ұжыммен бірлікте жұмыс жасау.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

**«Қарлығаш» ересек тобы**

**Тақырыбы:**Ұршық

**Мақсаты:** Ұршықтың шығу тарихына тереңірек шолу жасап, адамға деген пайдалылығы жөнінде мағлұмат алу. Баланың зейінін, қабылдауын есте сақтауын дамыту және көру кезінде заттық пішінін дұрыс ажырата білуін, қол моторикасын дамыту. Оқушыларды қол өнерге деген қызығушылығын оятып, істеген жұмыстарына жауапкершілікпен қарауын тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:**Ұршық, плакаттар, иірілген жүн, жіптер.

**Сөздік жұмыс:**ұршық, жіп, жүн.

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
| --- | --- | --- |
| **Мотивациялық қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді,<br>Күліп шықты күн бүгін.<br>Қайырлы таң, қайырлы күн.!<br>Тамаша болсын бүгінгі күн!.<br>Жүнді түтіп біз енді,<br>Ұршық иіріп иректеп,<br>Текеметті жасайық,<br>Төрге төсеп салайық.<br>**Осы кезде топқа қолында ұршығы бар Айман әжей келіп кіреді.**<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар, қараңдар, біздің Айман әжеміз, сендерге ұршық туралы айтып бермекші. Кәне, алдымен амандасайық. | Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бір-бірінің қолдарынан ұстайды.<br>Жерге иіліп сәлем береді.<br>Бір-біріне қарап күлімдейді.<br>Қолдарымен киіз түту,<br>Сырмақ сыру,<br>Текемет жаю қимылдарын жасайды.<br>Балалар әжені көріп, қуанып, амандасады. |

| | | |
|---|---|---|
| | амандасайық. | қуанып, амандасады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденушілік** | **Айман әже:**<br>-Жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған жеңіл аспап; жіп иіретін құрал. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұршық мал өнімдерін пайдаланудағы басты еңбек құралдарының бірі болды. Ол – мұрындық (сірге, ағаш) басы мен саптан тұрады.<br>Ұршықтың басы дөңгелек немесе жартышар тәрізді болады. Оның ортасына сап өткізетін тесігі орналасады. Сабы ұршық басынан<br>3-4 см шығып тұрады, оған жіп жүретін иретілген ойық жол жасалынады. Кейде басына бір елі қашықтықтан соң мұрындық (ши, шырпы) орналастырылады. Мұрындық немесе иретілген ойық жол жіптің сіргеде біркелкі болып жинақталуына септігін тигізеді. Ұршықпен қап, дағар, алаша, басқұр, терме бау,шекпен т.б. тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектерге арнап жіптер иірілген. Аз жіп иіруге арналған ұршықтың басы жеңіл, сабы қысқа етіп жасалады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұршық<br>Ағаш едің құрма өскен,<br>Ұршық болдың шуда өскен.<br>Бір қалыпта тұрмақ жоқ,<br>Шығармалық мұны естен.<br><br>Ұршығым, сені қолға алам,<br>Ұршығым ұшқыр нар тайлақ. | Балалар әжейдің әңгімесін мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жез бұйдалы–желмаям,<br>Желмаям, желші нар тайлақ.<br>Ұршыққа арнайы қап, яғни<br>ұршыққап тігіп, іліп қоюға болады.<br>Себебі, кез келген жерге қоймай,<br>оны іліп қоюға арналған.<br><br>**Жақсылардың жақсысы**<br><br>Баяғыда бір ақылды қарияның жалғыз қызы болыпты. Қария бірнеше бөлмелі, жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйінің айналасы бау-бақша екен. Қарияның кішкене қызы бақшаны, барлық бөлмелерді аралайды. Қыз кірмеген жалғыз ғана бөлме қалады. Ол бөлме жабық тұрады екен.<br><br>Бір күні қыз қарияға:<br><br>- Әке, маған жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етіңіз. Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда, жақсырақ қой деп ойлаймын, - дейді.<br><br>- Оның дұрыс, қызым. Жақсылардың ең жақсысы сонда. Бірақ сен әлі жассың. Өскенде бұл бөлмені саған беремін. Сен оған өмір бойы риза боласың, - деп жауап қайтарады әкесі.<br><br>Ай өтеді, жыл өтеді, қыз есейіп бой жетеді. Қария қызына жабық бөлменің кілтін ұсынады. Қыз қуанып есікті ашып жібереді. Сонда оның көргені – ұршық пен өрмек және кітап. Олардан өзге түк жоқ. Қыз әкесіне жылап келіп:<br><br>- Әке, сен жабық бөлмеде жақсылардың ең жақсысы бар деген | Орындарынан ұрады.<br><br>Жүн түту, жүнді иіру<br><br>қимылдарын жасайды.<br><br>Балалар ертегіні қызыға тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | едің. Мен одан ұршық, өрмек, кітаптан басқа еш нәрсе таппадым, - дейді.<br><br>- Міне, жақсылардың жақсысы деген – осылар, қызым! Ұршық пен өрмек болса, еңбегің жанады. Ал кітап оқысаң, білім артады. Дүниеде бұдан артық жақсы жоқ. Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, біліммен табылады, - деп түсіндіреді қария.<br><br>**Айман әжей:**<br><br>-Балалар, енді мұнда қараңдар. Міне мынау екеуі де қой жүнінен жасалған алаша. Ата-бабаларымыз мұны қазіргі кілем, палас орындарына пайдаланған. Мұның жібін осы ұршықпен иіріп, оны тоқып шыққан. Ұршыққа арналған ертегілер, қысқа өлең шумақтары және аңыз әңгімелерден де ұршықтың қадір-қасиетін көруімізге болады | |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | **Айман әжей:**<br><br>- Балалар сендерге ертегі ұнады ма?<br>-Ертегі кімдер туралы екен?<br>- Қызы әкесінен не туралы сұрапты?<br>- Қыз үнемі жабық тұрған бөлмені ашқанда нелерді көреді?<br>- Көрген заттары қызға ұнады ма?<br>Олай болса, мен қайтайын, басқа балаларға да бармын. Сендер бүгін ұршық туралы көп нәрсе үйрендіңдер. Оны өздеріңнен кішілерге айта жүріңдер,-деп қоштасады.<br><br>**Тәрбиеші:** | - Иә, ұнады. Балалар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар әжейге рахмет айтып қоштасады. |

| | | |
|---|---|---|
| | - Ұршықты қандай бұйымнан дайындайды?<br>- Қандай ағаш түрлерінен жасайды?<br>- Ұршық неше бөліктен тұрады?<br>- Ұршық не үшін керек? | Қорытынды суретті сызба арқылы жүргізіледі, яғни суреттегі сызбалар көмегімен балалар бүгінгі үйренгендері туралы қорытындылайды.) |

**Күтілетін нәтиже :**

**Нені біледі:** Ұршықтың қалай, неден жасалатынын және не үшін пайдаланатынын біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** еңбек етсең мақсатыңа жететіні туралы түсінік қалыптасады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: ертегі мазмұнын түсіну, сергіту сәтін қимылмен жасау дағдылары қалыптасады.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының**

**конспектісі**

**«Қарлығаш» ересек тобы**

**Тақырыбы:**Ыдыстарға байланысты ырымдар, әдет-ғұрыптар

**Мақсаты:**Ырым - тыйым сөздерінің мән - мағынасын түсіндіру.Рухани жан дүниесін дамыту.Әдептілікке, адалдыққа, батылдыққа, әдемілікке, сезімталдыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:**қазақтың ырым - тыйым сөздері кітапшасы, ырым - тыйым сөздер.

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Жылулық шеңберінде тұрып, жылы лебіз,тілек сөздерін айту.<br>Балалар қуанышымызды бір-бірімізге жеткізейік.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз.<br>Шұғылалы тандаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Ренжуді білмейміз.<br>Қуанамын менде,<br>Қуанасың сенде.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>— Жарайсыңдар балалар!<br>Алақан жылуы арқылы сезіне тұрып жеткізейік.<br>- Балалар, бізге Білімпаз атай хат жазып жіберіпті. Онда ыдыстарға байланысты ырым сөздер бар екен. Бірақ оны оқу үшін алдымен Білімпаз атайдың жұмбағын шешуіміз керек екен. Жұмбақ шешкілерің келе ме? | — Еліміз тыныш болсын.<br>— Деніміз сау болсын.<br>— Бәріміз дос болайық.<br>— Нанымыз көп болсын.<br>— Аспанымыз ашық болсын.<br>— Бақытты болайық.<br>— Бірлігіміз жарассын.<br>Таңырқай қарайды. Жұмбақ шешкілері келетіндерін айтады. |
| **Ұйымдастырушылық – ізденушілік.** | Жұмбақ:<br>Айтайын мен бір жұмбақ табасың ба,<br>Таба алмай аң-таң болып қаласың ба? | - Қазан, қазанның ішіндегі шөміш |

| | | |
|---|---|---|
| | табасың ба,<br>Таба алмай аң-таң болып қаласың ба?<br>Дариянның ортасында қоңыр үйрек,<br>Құйрығы дариянның жағасында.<br>Жарайсыңдар, балалар. Сендер жұмбақтың шешуін табуға тырыстыңдар. Бүгін ыдыстарға байланысты ырым-тиым сөздермен танысамыз.<br>Әр ұлттың тарихи дамуында ерте заманнан қалыптасып, келе жатқан рухани асыл мұрасы әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы халықтың күн көрісі, тұрмыс-салты, мінез-құлқы ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр - сипаты айқын көрінеді. Ата-бабаларымыз өздері тіршілік етіп отырған орта, табиғат, тұрмыс-тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, жақсы-жаман кезеңдерді ой елегінен өткізіп, әр кез оған деген өз көзқарасын білдіріп отырған.<br>Халқымыздың әдет-ғұрып, салт – дәстүрі жеткіншек ұрпақты адалдыққа, адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, олардың сана- сезімін, дүниетанымдық қабілетін дамытуды көздейді.<br>Халқымыздың ғасырлар бойы жасасып, бізге жеткен асыл мұраларының бірі–қазақтың ырым-тыйым сөздері. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, бойымызға тәлім-тәрбие сіңіреміз. Бала күнімізде «Табалдырыққа тұрма, бойың өспей қалады», | ішіндегі шөміш<br><br>Балалар мұқият тыңдайды. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>«Үйдің ішінде ысқырма, шайтан шақырасың», «Нанды бір қолмен үзбе» деген секілді жорамалды, тыйымдарды жиі еститінбіз. Асылында ырым - тыйымдар – тазалыққа, адалдыққа, мәдениеттілікке бастайтын тәрбиелік құрал. «Босағаны керме», «Босағада, табалдырықта тұрып сәлемдеспе», «Үйді, кісіні айналып жүгірме» деген секілді күнделікті тұрмыстағы әдептілікті сақтауға байланысты айтылған. Жас кезінен ұрпағын «тек» деп өсірген халқымыз теріс қылық мінезге де тыйым салған. Бұл балалық шақтан бастап, отбасы болғанша сақталған ереже тәрізді. «Олай жасама, бұлай жасама, жаман сөз айтпа, дұрыс емес» т. б. сөздердің жауабын «жаман болады» дегенмен аяқталып отырған.<br>Сергіту сәті.<br>Қуыр, қуыр қуырмаш<br>Балапанға бидай шаш<br>Апаң келсе есік аш<br>Қасқыр келсе мықтап бас.<br>Тыым сөздер:<br>✓ Ыдыста ашық қалған тағамды жаратуға болмайды, халық арасында оны жын-шайтан ішіп кетеді деген сөз бар.<br>✓ Су құйылған немесе тағам салынған ыдыстың бетін ашық қалдыруға болмайды.<br>✓ Егер көршілер тағам алып келсе, ыдысын бос қайтармайды, тағамның берекесі кетеді.<br>✓ Қазанды төңкеріп қоюға</td>
<td>Балаларқимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қайталар айтады.</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | болмайды, ырыс-несібе кетеді.<br>✓ Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоюға болмайды, ол ырысыңның таусылғанын білдіреді.<br>✓ Қонаққа шеті кетік кесеге шай құюға болмайды, ол қонақты сыйламағандық болады.<br>✓ Ыдыстан су ішерде азырақ төгіп жіберу қажет.<br>✓ Бие сауатын көнекті төңкеріп қоюға болмайды, ырыс-несібе кетеді.<br>Осы айтылған тыйым сөздерді - ырымдарды ұмытпай бір - бірлеріңе айтып жүріңдер және оларды орындап жүруді әдетке айналдырыңдар.<br>**Дидактикалық ойын: «Атын ата»**<br>Шарты: Дорбаның ішінен ыдысты табады, атын айтып түсіндіреді. | Ойынды шартымен кезек-кезек ойнайды. |
| **Рефлексивті коррекциялаушы** | Сұрақ-жауап арқылы қорытындылап, балаларды мадақтау. | ҰОҚ-не қорытындылауға қатысады. |

**Күтілетін нәтеже :**

**Нені біледі:** Ыдыстар туралы тиым сөздерді жатқа біледі.

**Қандай түсініктерді игереді:** тиым сөздердің мағынасын түсінеді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**сұрақтарға толық жауап беру дағдысы қалыптасады.

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент бағдарламасының**

**конспектісі**

**«Қарлығаш» ересек тобы**

**Тақырыбы:** Зергерлерлік бұйымдар:сақина, білезік

**Мақсаты:**Балалардың ұлттық зергерлік бұйымдар туралы алған білімдерін пысықтау, қортындылау. Зергерлер елін есаяхат жасату арқылы алған білімдерін пайдалана білу еп-дағдыларын дамыту. Өзіндік жұмыс істей білу қабілеттерін шыңдау. Зергерлік бұйымдар туралы білімдерін, түсініктерін кеңейту.Ұлттық өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Ұлттық өнер, зергер, зергерлік бұйымдар.

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық**<br>**қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, бізде бүгін ерекше күн!<br>Бүгін біз зергерлер еліне саяхат жасаймыз.Сондықтан қазір орнымыздан тұрып, бір-бірімізге сәттілік тілеу үшін шаттық шеңберін құрамыз. | Армысың ару күн!<br>Армысың Жер Ана!<br>Армысың табиғат, қоршаған айнала!- деп балалар шаттық шеңберін құрып, бүгінгі саяхатта бір-біріне сәттілік тілейді. |
| **Ұйымдастырушылық-**<br>**ізденушілік** | Осы кезде топқа атқа мініп, «Тазша бала» келіп, кіреді. Тазша бала:<br>-Балалар мен бүгін сендерді саяхатқа шығады деп естідім. Менде сендермен саяхатқа шығып, біраз жер көріп қайтқым келеді. Және сендер баратын зергерлер елін мен білемін, қаласаңдар жол бастап апарайын,-деп өтініш білдіреді.<br>**Зергерлік бұйымдар** (негізінен | Балалар «Тазша баланың» топқа атпен келгеніне мәз болады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық-ізденушілік** | Осы кезде топқа атқа мініп, «Тазша бала» келіп, кіреді. Тазша бала:<br><br>-Балалар мен бүгін сендерді саяхатқа шығады деп естідім. Менде сендермен саяхатқа шығып, біраз жер көріп қайтқым келеді. Және сендер баратын зергерлер елін мен білемін, қаласаңдар жол бастап апарайын,-деп өтініш білдіреді.<br><br>**Зергерлік бұйымдар** (негізінен сәндік безендіру заттары)— асыл металдарды (<u>алтын</u>, <u>күміс</u>, <u>платина</u> және палладийді) әшекейлеп өңдеудің, сондай-ақ түсті металдарды (жез, мельхиор т. б.) қорытудың, олардың бетіне, алтын, күміс жалатудың; көп жағдайда қымбат тастармен, <u>эмальмен</u> т. б. безендірудің нәтижесінде алынатын бұйымдар.<br><br>*Білезік*<br>Әйел әшекейлерінің ішінде ертеден келе жатқан және күні бүгінге дейін кең қолданылатын әсемдік бұйым – білезік.<br>Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Оны бірнеше бөлшектен құрап та, сом темірден тұтас құйып жұмыр етіп те жасайды, сондай-ақ ашпалы-жаппалы түрлері де болады. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, қарта білезік, қақпақ білезік, бес білезік, сағат білезік деп әр түрлі атайды. Олардың ішінде алтын, күміс нәзік шынжырлармен шымдалып | Балалар «Тазша баланың» топқа атпен келгеніне мәз болады.<br><br>Балалар әжейдің әңгімесін қызыға тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | жалғасып жататын бірнеше жүзігі бар білезіктер де кездеседі. Зергерлер білезіктерге неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қарала жүргізіп, зерлеп, сымдарды ширата дәнекерлеп әсемдеген. Білезіктер, көбінесе, күмістен соғылады.<br><br>***Сақина***<br>Әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдарды жүзік немесе сақина деп атайды. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қарала жүргізіп, шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып таңғажайып жүзіктер жасаған. Олар жасалу түрі мен қолданылу ретіне қарай отау жүзік, жималы жүзік, тасбақа жүзік деп аталған.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көтеріліп биікке,<br>Құсша қанағат қағайық,<br>Көк аспанда қалықтап, | |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар, ал қазір **«Мал қалай дыбыстайды»** деген ойын ойнаймыз.<br>Ойынның шарты: Тақтада үй жануарлар берілген. Қазір мен сендерге төрт түліктің дыбыстарын қосқанда, сендер ненің дыбысы екенін тауып алу керексіңдер.<br>Ойынның мақсаты: Қандай төрт түліктің дыбысы екенін тауып алу.Оларды атау.<br>**Блингвальды компонент:** түйе-верблюд, сиыр-корова, жылқы-лошадь.<br>**Сергіту сәті:**<br>Қошақаным тұршы,<br>Беті –қолыңды жушы.,<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Орныңа отыршы.<br>Ал енді, балалар, тақтаға қарайық.<br>-Балалар тақтада ненің суреттерін көріп тұрсыңдар?<br>-Дұрыс, айтасыңдар. Ал енді осы малдардың әрқайсына тоқталайық.<br>-Мынау ненің суреті?<br>-Дұрыс, сиыр. Сиырдың пайдасы қандай?<br>Одан не аламыз? Сиырдың атасы -Зеңгі баба. Сиырды аухау-аухау деп шақырамыз. Сиыр шөп, су, жем жейді.<br>-Дұрыс, жылқы.<br>Жылқының пайдасы қандай?<br>Одан не аламыз? | Ойынды шартымен орындайды.<br>Қайталайды.<br>Сергіту сәтін орындайды.<br>Балалардың жауабы.<br>Сиырдың төлін -бұзау дейміз.<br>Сиырдан біз сүт, ет, тері аламыз. Ал сүттен қаймақ, май, ірімшік, айран аламыз.<br>Жылқының төлі-құлын.<br>Жылқыны көлік ретінде пайдаланамыз.<br>Көбінесе, арбаға жегеміз.(отын, шөп, су, жүк тасығанда)<br>Қызығушылықпен ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ойын: «Ішінесыртына».**<br>Ойынның мақсаты:<br>Балаларды  үй жануарлары мен жабайы жануарларды айыра білуге үйрету.<br><br>Балалар, ал енді **"Не артық? "** ойынын ойнайық.<br>Ойынның мақсаты:Балалардың мақсаты,артық суретті тауып алу.Неге артық екенін түсіндіру.<br><br>-Жарайсыңдар, балалар.<br>-Балалар, енді төрт түлік туралы жұмбақтар шеше аласыңдар ма?<br>**Жұмбақтар**<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Айналдырып киген тоны бар.<br>Екі айнасы бар,<br>Екі найзасы бар,<br>Төрт жылтырмағы бар,<br>Бір шыбыртқысы бар.<br>Кезікті бір жануар,<br>Үстінде екі тауы бар.<br>-Балалар, жарайсыңдар. Жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер?<br>-Балалар, кім маған төрт түлік туралы тақпақтар айтып берем дейді?<br>(Балалар білген тақпақтарын айтады.)<br>Төрт түлік малдар туралы тыйым сөздерді айту.<br>Малды теппе.  Ақты төкпе.<br>Малды ұрма.<br>-Енді балалар,<br>бәріміз   төлдер"Төлдер" әнін орындайық.<br>-Жарайсыңдар, балалар. | (қой)<br><br><br><br>(сиыр)<br>(түйе) |

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Балалар сендерге саяхат ұнады ма?<br>Не ұнады?<br>Біз бүгін көп нәрсені біліп көрсете білдік. Яғни төрт түлік малдардың қалай дауыстайтынын, олардың төлдерін, пайдасын біліп үйрендік. | -Иә.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені біледі:** Төрт түлік туралы біледі.
**Қандай түсініктерді игереді:** олардың пайдасы туралы түсінігі қалыптасты.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** жұмбақтар шешіп, тақпақтар айтты.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

**Тақырыбы:** Сәнді ою-өрнек

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Ою-өрнек туралы мағлұмат беру.Қоғам өміріндегі еңбектің,халық қол өнерінің рөлін түсіндіру.Дәстүрлі емес әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, саусақпен ою - өрнекті салуды үйрету.

**Дамытытушылық:** Баланың есте сақтау қабілетін,зейінін аудартып, ойын дамыту.

**Тәрбиелік:** Өнер адамдарын құрметтеу,өнердің мәңгі өшпейтін ою-өрнектердің сыры мен қырын білу арқылы, балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** ою-өрнек, оямыз, қиямыз.

**Билингвальды компонент:** ою - өрнек - орнамент

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Бас бармақты бассам егер,<br>«Ботакөз» боп шығады.<br>Алақанды ашсам егер,<br>«Бестаңба» боп шығады.<br>Егер жұмсам алақанды,<br>«Тарақ» оюы шығады.<br>Оюларды білетін,<br>Біз қазақтың баласы.<br>**Ғажайып сәт:**<br>Ішке көңілсіз болып қошқар мүйіз оюы келеді.<br>- Балалар, бұл қошқар мүйіз оюы емес пе?<br>Қошқар мүйіз оюы: Мен достарымнан ажырап қалдым. Сендер маған достарымды табуға көмектесесіңдер ме?<br>- Балалар, ауылға баратын жол алыс. Ат арбамен барғыларың келе ме? | Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бір-бірінің колдарынан ұстайды.<br>Жерге иіліп сәлем береді.<br>Бір-біріне қарап күлімдейді.<br>Орындарына жайғасады.<br><br>Балалар таң қалды.<br><br>- Иә.<br>Ою сен неге көңілсізсің?<br><br>Иә, әрине көмектесеміз.<br>Балалардың барлығы ат арбаға мінеді. |
| **Ұйымдастырушылық ізденушілік** | Қошқар мүйіз оюы: Балалар сендер мен және менің достарым туралы қандай тақпақтар, мақал-мәтелдер білесіңдер?<br>**Мақал-мәтел:**<br>**Көркем сөз:**<br>Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз»,<br>Орын алар тұрағы, көрпе - киіз.<br>Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде, | Өз үйінде ою оймаған,<br>Кісі үйінде сызу сызады.<br>Өнер тамған-он саусақ,үзілмейтін |

| | | |
|---|---|---|
| | Көз тартып құбылады оюымыз.<br><br>Әжем өрнек тереді,<br>Сырмақ отыр оюлап.<br>Басы ауыра береді,<br>Шай ішпесе, қоюлап.<br><br>Қошқар мүйіз оюы: Рахмет, балалар!<br><br>- Міне, Өрнек әженің үйіне де келдік.<br>Өрнек әже: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қош келдіңдер! Жақсы, бірақ мен далаға көңілді оюларымды ойнатуға шыққам, қошқар мүйіз оюымды таба алмай қалдым.<br>Рахмет, балалар! Сендер мені бүгін бір қуантып тастадыңдар. Келіңдер, төрлетіңдер!<br>Бұл үй ою-өрнектерден әсемделіп жасалынған. Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз осы киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады.<br>Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін мен сендерге ою - өрнектің көптеген түрлерімен таныстырамын. Кілем, қоржындарға бейнеленеді.<br>Балалар мен сендерге қазір менің көңілді оюларымнан әдемі киіз басудың жолдарын көрсетемін.<br>-Ал балалар, сендер Фрёбель сыйы ойыншықтар жиынтығын қолданып текемет құрастырыңдар. | ырысын.<br>Өнері жоқ- он саусақ,бар болмай-ақ құрысын.<br><br>- Сәлеметсіз бе, Өрнек әже! Қалыңыз қалай?<br><br>- Өрнек әже, сіз қамықпаңыз.Біз сіздің адасып қалған көңілді оюыңызды ала келдік.<br><br>Балалар ішке кіреді.<br><br>Киіз үйіңіз қандай әдемі. |

| | | |
|---|---|---|
| | Өрнек әже: Балалар сендер қандай әдемі салғансыңдар.<br>**Дидактикалық ойын: «Табиғат сыйы»**<br>**Мақсаты**: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру.Балалар сендер табиғатта бейнеленген көріністерді ою-өрнекпен бейнелейсіңдер.<br>Өрнек әже: Балалар мен сендерден қонақ кәде сұрағым келіп отыр.Қандай өнерлерің бар?<br>Өрнек әже: Рахмет, балалар! Маған билерің қатты ұнады.<br>Тәрбиеші: Өрнек әже сізге көп рахмет! Біз сізге әлі де келеміз. | Балалар Фрёбель сыйы ойыншықтар жиынтығын қолданып, текемет құрастырады.<br><br>Балалар табиғатта бейнеленген көріністерді ою-өрнекпен бейнелейді..<br><br>«Өрнектер биін» билеп береді. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | - Бүгін біз қайда бардық?<br>- Кімге көмектестік?<br>- Сендерге ұнады ма? | Сұрақтарға жауап беріп, оқу қызметін қорытындылауға қатысады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені біледі:**оюлардың атауларын біледі.
**Қандай түсініктерді игерді:**оюдың қажеттілігі туралы.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Әр заттың өз орны барын, оны орынды пайдалана білуді, әрқайсысының өзіне тән ерекшелігін ажыратуды меңгереді.

**«Мәдени мұра»вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

**«Қарлығаш» ересектер тобы**

**Тақырыбы:** Әдептілік-әдемілік

**Мақсаты:**

Балаларды еңбекқорлыққа баулу,тыйым сөздерді айта отырып, мағынасын ашып түсіндіру. Балаларды сөйлеуге, тәрбиенің сұрағына дұрыс жауап берė білуге үйрету, Есте сақтау қабілеттерін дамытып, музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілеттерін дамыту.Табиғатты қорғауға үйрету, адамнершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. эстетикалық тәрбие бере отырып әдептілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** жетіген, күй шертемін,

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>- Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал, қанекей бәріміз<br>Сәлем дейік үлкенге<br>Сәлеметсіздер ме, Апайлар?!<br><br>Ал, бүгін қонақтарымызға біздің сый - құрметіміз, ол сендердің сабақты мұқият тыңдап, тыныш отырып, білімдеріңді артып, сөз байлығымыздың молайғанын көрсете білсеңдер, қонақтарды дұрыстап күтіп сыйлай білгеніміз.<br>Келіңіз,<br>Төрлетіңіз,<br>Үлкенге де -«сіз»<br>Кішіге де - «сіз»<br>Құрметтейміз біз.<br>Ей, тәкаппар дүние,<br>Маған да бір қарашы.<br>Танимысың сен мені<br>Мен қазақтың баласы.- деп ақын атамыз жырлағандай өзімізді таныстырамыз.<br>Енді бір - біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуы арқылы жылы | Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br><br>Балалар орындарына отырады.<br><br>- Мен өзіме, туыстарыма, әке - шешеме, ағама, апама денсаулық тілеймін.<br>- Өзімнің көршілеріме, келген қонақтарға, достарыма бақыт тілеймін.<br>- Біздің елімізде бүкіл жер шарында бейбітшілік болсын!<br><br>«Әдептілік - әдемілік» еліне барғылары келетіндерін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Енді бір - біріміздің қолымыздан ұстап, алақан жылуы арқылы жылы лебіздер айтайық.<br>- Бәрекелді, жарайсыңдар, бір - бірімізге білдірген жылы лебізде қабыл болсын.<br>Ал балалар сендердің «Әдептілік - әдемілік» еліне барғыларың келе ме? «Әдептілік - әдемілік» елінде қандай балалар тұрады деп ойлайсыңдар? | |
| **Ұйымдастыру – шылық ізденушілік** | Суретпен жұмыс:<br>-Енді мына суретке назар аударайық. Бұл суреттегі кейіпкерлерге ат қойып әңгіме қарастырайық. Арман автобустың ең алдында отыр. Автобустың ішіне таяққа сүйінген бір кісі кірді. Арман көрмеген болып отыра берді. Ал келесі орындықта отырған Айгүл қарт кісіге өзінің орнын берді. Енді осы суреттегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдап көрейік. Осы суреттегі кім мейірімді дейсіңдер?<br><br>Үлкеннің жолын кеспе.<br>Үлкенмен сөз таластырма.<br>-Бұл тыйым сөзден суретте айтылғандай үлкенді сыйлау керектігі, олардың айтқандары дұрыс болғандықтан үлкендерді тыңдау керектігі айтылып тұр. Осы тыйым сөздерді естеріңе сақтап жүрсеңдер әдептіде, мейірімді бала болып өсесіңдер деп тыйым сөзді 1-2 рет қайталау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең ерте тұрамыз,<br>Бетімізді жуамыз.<br>Таза киім киініп,<br>Әдепті бала боламыз.<br>Осыдан кейін Дымбілмес кіреді, қоржынында суреттер.<br>-Сәлеметсіз бе, Дымбілмес, бөтен жерге келгенде алдымен амандасу керек.<br>-Сәлеметсіздерме, балалар, менің | Орнынан тұрып қарт әжеге орнын берген Айгүл мейірімді, ал орнынан тұрмай отыра берген Арман әдепсіз, мейірімсіз екен.<br><br>1-бала:<br>Жаман бала бүлдіреді,<br>Жақсы бала күлдіреді.<br>Жұмысқа да, сабаққа да дер кезінде үлгереді.<br>2-бала:<br>Тату өскен баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Нанға кетсе мамамыз,<br>Терезені ашпаймыз.<br>Сыртқа шығып ойнасақ<br>Қаздан қорқып қашпаймыз.<br>3-бала: Жуын, жуын жуынсақ,<br>Қандай жақсы қуыршақ. |

| | | |
|---|---|---|
| | қоржынымда мынадай, сызылған суреттер бар, мен осыған түсінбей сендерден сұрайын деп келдім, деп Дымбілмес қоржынындағы суреттерді көрсетеді.<br>-Е, бұл тыйым сөздер туралы суреттер ғой, біздер, осы тыйым сөздер туралы айтып жатыр едік, сен отырып тыңда, деп тәрбиеші тыйым сөздер туралы суреттерді балаларға көрсетіп мағынасын ашып, айтып, түсіндіреді.<br>1-ші тыйым сөз:<br>Арыстан айтты Аюға:<br>-Жадыңда сақта лайымда<br>Әдептен озбауды ойла,<br>Қолыңды төбеңе қойма!<br>2-ші тыйым сөз:<br>Мысыққа күшік жөн айтты,<br>Жөн айтқанда деп айтты:<br>-Ауызыңда ашып текке,<br>Ақты жерге төкпе!<br>3-ші тыйым сөз:<br>Қолтырауын еңіремей тұра ма,<br>Дельфин айтты:<br>Бейуақытта жылама!<br>4-ші тыйым сөз: Мәнісін біл байқа да,<br>Өз ішіңнен қайтала,<br>Піл ұқтырды пілтайға:<br>Басыңды еш шайқама!<br>- Өте жақсы, балалар көрдің бе Дымбілмес біздің балалар қандай екен.<br>Балалар, бүгін біз қандай тыйым сөздермен таныстық, еске түсірейікші?<br>Қолыңды төбеңе қойма<br>Ақты жерге төкпе<br>Бейуақытта жылама<br>Басыңды шайқама<br>Дымбілмес те естіп, ұғып алсын,- деп суреттерді көрсетіп қандай тыйым сөздер айтылғандығын еске түсіріп өту.<br>Балалар, енді осы тыйым сөздерге байланысты ойын ойнап | Үйреткенде бөпешім,<br>Кірлеп кеткен екенсің,<br>Қазір аппақ боласың,<br>Қуанады анашың. |

| | | |
|---|---|---|
| | жіберейік.Ойын үстел үстінде тәрбиеші әдепті, әдепсіз балалардың суреттерін көрсетеді, соны балалар танытып айту керек. Дымбілмес сенде балалармен бірге ойын ойна деп, оны да назарға алу.<br>**Ойын: Жалғастыр.**<br>- Не істеуге болмайды?<br><br>- Не істеу керек?<br><br>**Әдептілік жайлы мақал - мәтелдер.**<br><br>- Әдеп сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>- Осы сөз сіздерге ұнай ма? Осы сөзді сендерге сыйлаймын, ешқашан жоғалтпаңдар.<br>«Әдепті бала қандай болу керек?»<br>Анам маған: «Үлкенді сыйла» деген<br>Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.<br>Үлкендерден ауысқан кемшілікті<br>Үлкендердің өзіне сыйға берем. | - Үлкендердің алдынан кесіп өтуге болмайды.<br>- Құстарды атуға болмайды.<br>- Балабақшаға кешігуге болмайды.<br>- Кішкене балаларды ұруға болмайды.<br>- Үлкенді сыйлау керек.<br>- Үлкенге сәлем беру керек.<br>Айнель:<br>Әдепті бала ата - анасын мақтатар,<br>Әдепсіз бала ата - анасын қақсатар.<br>Толғанай: Әдепті бала жол сілтейді<br>Әдепсіз бала қол сілтейді.<br>Мадияр: Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.<br>Асхат:<br>Кішіпейіл болғаннан<br>Кішірейіп кетпейсің. |
| **Рефлексивті түзетушілік** | Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі сабаққа бәріңіз де жақсы қатыстыңдар. Дымбілместе біздің сабаққа қатысып бәрін үйренді. Жарайсыңдар,-деп балаларды жеке-жеке мадақтай отырып, аяқтау.<br>«Біз әдепті баламыз» әнін хормен орындайды. | Сұрақтарға жауап береді. Балалар музыка әуенімен көңілді қоштасады. |

***Күтілетін нәтиже:***
***Нені біледі:*** әдептілік жақсы қасиет екені туралы;
***Қандай түсініктерді игерді:*** әдептілік туралы мақал-мәтелдерді;
***Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*** сұрақтарға толық жауап беру.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының**
**Конспектісі**

**Тақырыбы:** Қарты бар үйдің қазынасы бар
**Мақсаты:**Қарт деген кім, қарттар күнінің аталып өтілу мақсаты неде екенін түсіндіру; балалардың ой-санасын дамыту, танымын кеңейту;
Жасы үлкенді сыйлауға, халқымыздың дәстүрін қадірлеуге, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** қарт, кәрілік, үлкендер

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
| --- | --- | --- |
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Сәлеметсіздер ме!<br>Ал, балалар, тұрайық<br>Шаттық шеңберін құрайық.<br><br>Атамнан басталар,<br>Әжемнен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар,<br>Әкем мен анам бар.<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар.<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін, еремін. | Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br><br>Шеңбер бойымен айтады. |
| **Ұйымдастыру – шылық ізденушілік** | - Балалар, сендар ата-әжелеріңді, әке-шешелеріңді сыйлайсыңдар ма?<br>Олай болса бүгін сол үлкендер, қарт ата-әжелеріміз туралы айтамыз.<br>- Сендердің ата-әжелерің бар ма?<br>Үлкендер біздің қамқоршымыз, оларды ардақтап, сыйлауымыз керек. Ата-әжелеріміз сендерге ертегілер, тәлім-тәрбие туралы әңгімелер айтып үнемі жақсылыққа тәрбиелеп отырады. Егер үйде ата-әжең болса, онда сол үйдің қазынасы бар деген сөз. Қазына деген – сол үйдің құт-берекесі, бірлігі мен татулығы бар деген сөз. Өйткені ата-әжелеріміз әрқашан балаларымыз аман, ауызбіршілікті болсын деп тілек тілеп отырады.<br>(Сырттан дауыстар естіледі) | - Иә, сыйлаймыз.<br><br>Балалардың жауабы.<br><br>Тыңдап отырады.<br><br>Қуана қарсы алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | (Сырттан дауыстар естіледі)<br>-Балалар, қарандаршы, бізге қонақтар келе жатыр екен. Үлкендерді күтіп алайық, амандасайық.<br>Ата: Жаңағы балалар маған жолды айтпап еді, сендер жол көрсеттіңдер. Инабатты балалар екенсіңдер. Алдымнан шығып амандасқандарың адамгершіліктің белгісі.Көп жасаңдар, өркендерің өссін!<br>-Балалар, атаға біздер қандай бала екенімізді көрсетейік. | Қуана қарсы алады.<br><br>-Ассалаумағалейкум, ата, келіңіз төрлетіңіз, қонақ болыңыз. (Ұл балалар төрге шақырады, қыздар көрпеше төсейді). |
| | - Балалар, менің мына қоржынымда сендерге әкелген тапсырмаларым бар, сол тапсырмаларымды орындасаңдар, сендерге сыйлығымды беремін.<br>- Ата, бізге сізден үлкен сый ол сіздің - батаңыз. Егер тапсырманы жақсы орындаса бата беріңіз.<br>1-тапсырма. Үлкендердің алдында әдеп сақтау. (слайд) | Тапсырмаларды орындағылары келетіндерін айтады. |
| | - Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>- Балаларға ат қойыңдар.<br>- Балалар қайда келе жатыр?<br>- Балалардың іс-әрекеті дұрыс па?<br>- неге дұрыс емес? | - Суретте екі бала, бір қыз және ата бар.<br>- Асан, Дәуоен және Жанар мен ата.<br>- Көліктің ішінде келе жатыр.<br>-жоқ дұрыс емес.<br>- Ата мен Жанарға орын беру керек еді. |
| | - Өте жақсы. (Келесі суретті салыстырып айту).<br>- Біз қай жерде келе жатсақ та үлкендерге, ұл балалар қыздарға орын беру керек.<br>2-тапсырма. Әдептілік туралы мақал-мәтел. | Кішіге ізет, үлкенге құрмет.<br>Әдепті бала арлы бала,<br>Әдепсіз бала сорлы бала. |
| | Сергіту сәті:<br>Асыл сөздің атасы,<br>Ақын болар ұрпақпыз.<br>Өнер-білім еңбекке,<br>Жақын болар ұрпақпыз. | Өлеңді атып, бой |

| | | |
|---|---|---|
| | Саусақтары майысқан,<br>Шебер болар ұрпақпыз.<br>Тұла бойы толған күш,<br>Батыр болар ұрпақпыз.<br>3-тапсырма. Дастархан басындағы әдептілік. (Тыым сөздер)<br>Дастархан басында үлкен адамдар төрде отырады. Дастарханға отырарда, тамақтан соң қолды жуады. Үлкендердің қолына құманмен су әкеліп құяды, орамал ұсынады. Дастарханға ең алдымен нан қояды, нанды төңкеріп қоймайды. Дастархан басында көп сөйлемейді.<br>Ертегі:<br>**Талапты жасқа атаның өсиеті**<br>Бұрынғы өткен заманда бір үлкен бай болыпты. Ол бай шалдың екі көзі соқыр екен. Баласы жас екен. Бір күні басқа байлардың балалары мал айдап дүниелік әкелуге бір шаһарға жүрмек болып дайындалыпты. Солардың дайындығын естіген соқыр шал отырып қатты күрсініпті. Сол кезде қасында отырған баласы: «Әке, неге күрсіндіңіз?» – деп сұрақ қойды. Сол кезде әкесі:<br>— Балам, сенің жастығың есіме түсіп отыр, сен ересек болсаң осы балалармен бірге сонда барып келер едің ғой, – депті. Әкесіне сөзін аяқтатпастан, баласы:<br>— Әке, мен барам, мал бөліп бер, – деп мазасын алыпты. Баласы әкесінің мазасын алып болмаған соң, әкесі: «Барсаң бар, балам, бірақ та өзіңе тиісті жолдас ізде. Ол жолдастың ақысын төлерміз. Ал жолдас іздеп, тапқан жолдасыңды үйге ертіп келе жатқанда, ауылға жақындағанда ол әкеле жатқан жолдасыңа былай де: «Біздің үй анау тұрған. Сіз жүре беріңіз, мен алдында жатқан малды қайырып барайын де». Сол кезде саған қарамай үйге келсе, ол адам | сергітеді.<br><br>Тәрбиеші көмегімен тыым сөздерді қайталайды. |

сиған жолдас бола алмайды», – депті.
Баласы:
— Жарайды, – деп жолдас іздеуге кіріседі. Атқа мініп жолдас іздеп келе жатса, бір адам кездесіпті. Сол адаммен сөйлесіп жолдас етуге келісіп, үйіне алып жүреді. Сөйтіп малының шетіне келгенде әкесінің айтқаны есінде бар, бала:
— Қария, сіз жүре беріңіз. Біздің үй анау тұрған. Мен мына малды қайырып барайын, – депті. Сол кезде ол жолдасы тура тартып үйіне кетіпті. Сөйтіп бала да келеді. Ертесіне ол кісінің алып келген айыбын төлеп қайтарыпты. Міне, бала тағы жолдас іздеп жолға шығады. Сөйтіп ол келе жатса, алдында бір бала көтерген жас әйел жылап келе жатыр екен. Оның артынан бір сарт келеді, иығында кетпені бар. Міне бұл бала оларды тоқтатып: «Бұл нендей уақиға, сіз неге жылайсыз?» – депті. Сол кезде әйел:
— Менің күйеуім қайтыс болып еді, соны қою үшін кебін таба алмай мына сарттан қарызға алып қойып едім. Міне сол кебінді уақытында тауып беруге қаражатым келмеді. Енді соны ашып алам деп мені ертіп келеді, – депті. Сонда бала сартқа:
— Кебініңнің құны қанша тұрады? – депті. Сонда сарт:
— Кебінім жиырма бес ділда, – депті. Сонда бала жанынан елу ділда беріп, «енді ризасың ба» деп сұрапты. Сонда сарт «ризамын» деп үйіне қайтыпты. Әйел балаға қайдағы алғысын айтып ол да қайтады. Сөйтіп бала жолдасын іздеп өз жолымен кете береді. Ол бала бір шаһарға келіп бір көшені бойлап келе жатса, алдынан ақ боз атты бір жігіт көшеден көлденең өтіп барады екен. Соның артынан бала келіп сәлем беріп, оны

| | | |
|---|---|---|
| | тоқтатып әңгімелесіп оны жолдас болуға үгіттей бастайды. Сол кезде ол кісі қынжылып бірсыпыра көнбей тұрады да: «Жарайды, қарағым, қабырғаң катпаған жас бала екенсің, болсам болайын», – деп жолдас болып балаға еріп жүреді. Сөйтіп баланың малының шетіне жеткен кезде бала оған: «Ағай, сіз жүре беріңіз, біздің үй анау тұрған. Мен мына малды қайырып барармын», – депті.<br>Сол кезде жігіт: «Жоқ, қарағым, сенің қабырғаң қатпаған жас баласың ғой, сен үйіңе барып сусындай бер. Малды мен қайырып барайын», – деп баланы үйіне жіберіп, малды өзі қайтарып келеді.<br>Сөйтіп баланың жолдасы енді табылады. Келесі күні малды бөліп беріп баласын жолдасымен екеуін байлардың баласына қосып шаһарға аттандырып, шал өзі кемпіріне жетелетіп арттарынан айқайлап, мынадай тапсырмалар айтады:<br>— Осы барғаннан күн бата Сарыөзек деген жерге жетесіңдер. Шөбі шалғын, суы мол жер оған қызығып қонбандар. Одан ары барғанда Ақмола деген жерге күн бата жетесіңдер. Оған да қонбандар, одан ары кеткенде Қызылжар деген жерге күн бата жетесіңдер. Оның да суы мол, шөбі шалғын жер. Оған да қонып жүрмеңдер. Міне, осы үш жерге қонбандар, – деп шал қала береді. Басқа бай балалары «алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, ол шал не біледі дейсің, жүріңдер, кеттік» деп жүріп кете береді.<br>Сөйтіп олар жүре-жүре күн бата Сарыөзекке жетеді. Айтқандай, шөбі шалғын, суы мол жер екен. Баяғы баланың жолдасы бұл араға қонбаймыз десе, басқа бай балалары «қонамыз, алпыстағы атаңнан ақыл | |

сұрама» деген, сол соқыр шал не біледі» дейсің деп болмапты. Балалар тіпті болмаған соң бәрі де сол араға қонады. Кешке жатқаннан кейін бай балалары ұйықтап қалады. Баланың жолдасы ұйықтамай атының қалқасында тұрып күзетіп тұрады. Сол арада елден арттарына бір сары қаншық еріп шығыпты. Сол қаншық шаңқылдап үріп болмапты. Әрине, бұл баланың жолдасы бар жан-жануарлардың тілін біледі екен. Иттің дауысын тыңдап тұрса, ол ит: «Байқа, ақ боз аттың қалқасында аңдып тұр», – деп хабарлап тұр екен. Сол арада ол иттің басын кесіп алып, иттің миын түгел алып қағазға орап қалтасына салып алып, басқа аттың қалқасына келіп тұрыпты. Бірсыпыра уақыт өткеннен кейін біреу сол аттың белін сипап өте бергенде, оның басын қағып тастапты. Сөйтсе, ол жалғыз көзді жалмауыз екен дейді. Оның көзін ойып алып қағазға орап қалтасына салып алып, бәрінің қан-жынын қоймай суға ағызып жіберіпті. Енді жалмауыз кемпірдің келген жағына жүгіріп барса, жер астында үйі бар екен. Ол үйі алтын ділдәға толып тұр екен. Оны көріп, есігін жауып орнына келіп жатып ұйықтай береді. Сөйтіп таң атады. Балалар орнынан тұрып жатып қарқ-қарқ күліп, киініп «алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, сол шалдың айтқан сөзіне ілесіп қонбай кетсек әлде қайтетін едік» деп, тамақтарын ішіп жүріп кетіп, күн бата Ақмолаға келіп жетіп, баланың жолдасы қонбаймыз десе, балалар болмай отырып тағы қонады. Сөйтіп баланың жолдасында тағы ұйқы жоқ, соларды күзетумен тағы да тұрады. Сөйтіп таң алдында бір жалмауыз келе жатыр екен. Оның басын алып, оның келген жағына

барып қараса, соның да үйі алтын діллдәға толып тұр екен. Оның есебін тауып белгілеп кетіпті. Содан қайтып келіп орнына жатып ұйықтап тұрса, балалар күліп тұрып жатыр екен. Тамақ ішіп болып тағы да жүріп кетеді. Сөйтіп күн бата Қызылжарға келіп жетеді. Міне, бұл жерге де балалар қонамыз деп болмай отырып қонады. Баланың жолдасында еш ұйқы жоқ. Тағы күзетіп тұра береді. Сөйтіп тұрғанда түн ортасы болған кезде анандайда бір қызыл жар бар екен, сол қызыл жардан бір от шығады. Сол от жағалап жақындағанда, күбірлеп сөйлескен сөз естіледі. Сөйтсе, бұл жеті басты жалмауыз екен. Ол шетте тұрған атты сипап өте бергенде оның да басын алып тастап, сол қызыл жарға қарай жүгіріп кетіпті. Сол қызыл жарға келсе, бір үлкен үңгір екен, ішінде ат басы алтын тұр екен. Сол үңгірді жарық етіп тұрады екен. Сөйтіп ол жан-жаққа қараса, бір дәу ұйықтап жатыр екен. Оны өлтіреді. Енді бір ай мен күндей сұлу қыз жатыр екен. Оны олар сиқырмен өлтіріп қойыпты. Міне осыларды көріп, бәрін қайтарда алмақ болып дайындап кетіп, орнына келіп жатып таңертең тұрса, балалар күлісіп тұрып жатыр: «Міне, алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, үш жерден де өттік, ештеңе болған жоқ» десіп, тамақтарын ішіп тағы жүріп кетті. Сөйтіп тиісті шаһарына келіп, саудаларын жасап болып, енді елге қайтпақшы болып жүріп кетеді. Жол-жөнекей бір ауылда бір жиын топты көреді. Сол арада баланың жолдасы балаға: «Сен жүре бер, мені Қызылжардан тос, ал басқалары қарамаса, өзің қал» – депті. Бала «жарайды» деп жүріп кетеді. Сөйтіп әлгі жиын топқа келсе, бір байдың қызы сары қотыр болып ауырып

| | | |
|---|---|---|
| | жатыр екен. «Соны кім жазса, соған қызымды берем» деп жатыр екен.<br>Оған баяғы баланың жолдасы:<br>— Мен жазам, – деп келіпті. Оған бай: «Жазсаң қызымды еншісімен бөліп беремін» – депті. Сөйтіп ол жігіт баяғы иттің миымен сылап жіберсе, қыз әбден жазылып кетеді. Сөйтіп ол оған: «Сен әкеңнен еншіге он екі түйе қомдап ал», – депті. Қызы әкесіне:<br>— Маған еншіге он екі түйе қомдап бер, – депті. Байға бұл қиын емес қой, он екі түйені қомдап береді. Міне ол қызды алып, он екі түйені алып, Қызылжарда жолдасын қуып жетеді. Оның жолдасы мұнда тосып жатыр екен. Сөйтіп ол Қызылжардағы дүниені үш түйеге артып, қызды тірілтіп алады. Сөйтіп Ақмолаға келіп ондағы дүниені үш түйеге артып алып жүріп кетеді. Енді Сарыөзекке келіп ондағы дүниені үш түйеге артып алып, еліне қарай жүріп кетеді. Сөйтіп еліне жақындағанда баланың жолдасы: «Ал, балалар, елге жақындап қалдыңдар, енді өздерің келерсіңдер. Мен байдан барып сүйінші сұрайын», – деп жүріп кетеді. Сөйтіп ол байға келіп сүйінші сұрайды:<br>— Балаңыз көп табыспен келеді, екі әйелі бар, – депті. Сол кезде бай:<br>— Енді арманым жоқ, жалғыз бір арманым – екі көзім, – депті. Сол кезде жігіт: «Екі көзіңді мен жазам!» – деп жалмауыздың көзімен екі көзін сүйкеп қалса, көзі шырадай жанып жазылыпты. Сонда шал:<br>— Ал енді балам келсін. Үш күн, үш түн той жасаймын, содан қалған дүние, мал-жан бәрі сенікі. Міне, сенің сұраған сүйіншіңе, – депті. Сөйтіп баласы келіп, үш күн, үш түн той жасап, төртінші күні екі келіні, баласы, әйелі – бесеуі қол ұстасып | |

| | | |
|---|---|---|
| | үйден шығыпты да:<br>— Ал, қарағым, қалған мал-дүние сенікі, – депті. Сол кезде жігіт бәрін шақырып алып:<br>-Сізге рахмет. Сіздің және балаңыздың пиғылына көп рахмет, маған ештеңе керек емес. Сіздің балаңыз жолдас іздеп жүріп бір әйел мен сартқа кездесіп, әйелді сарттан құтқарып еді. Сол әйелдің өлген күйеуі мен едім, қыдыр болып осыған кездескен едім, – деп аспанға ұшып кетіпті.<br>Сөйтіп шал байқұс өте жақсы тұрмыста ғұмыр сүріп қала беріпті.<br>Бата: атаның батасы.<br>Д/О: «Отбасы мүшелерін ата»<br>Шарты: суретке қарап отбасы мүшелерін және олардың туыстық атауларын атайды. | |
| **Рефлексивті түзетушілік** | - Ертегіде не туралы айтылған?<br>- Балаға кім көмектеседі?<br>- Неге көмектеседі?<br>- Қарт деген кім?<br>- Ертегі ұнады ма? | Оқу қызметін қорытындылауға қатысады. |

**Күтілетін нәтеже:**
**Нені біледі:** үлкендерді сыйлау, құрметтеу керек екені туралы;
**Қандай түсініктерді игерді:** ертегі мазмұнын;
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**сұрақтарға толық жауап беру.

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

**Тақырыбы:** Жеті санының қасиеті
**Мақсаты:** Ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану арқылы балаларға ұлттық тәрбие бере отырып, салт-дәстүр, ұлттық өнермен таныстыру;
сөздік қорын молайтып, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту, танымын кеңейту;ұқыптылыққа, бірлікке тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** жеті қасиетті сан

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Сәлеметсіңдер ме, балалар? Бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, шеңбер болып тұрайық.<br>- Балалар, біз таңертең тұрғанда бірінші қайда қараймыз?<br>- Онда нені көреміз?<br>- Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз?<br>- Қане, бәріміз алақандарымызды түйістіріп көрейікші?<br>- Нені сезіп тұрмыз?<br>- Осы жылулық арқылы бір-бірімізге игі тілектерімізді айтайық.<br><br>-Мына суретте нені көріп тұрсыңдар?<br>-Дұрыс, құстар туралы жұмбақ жасырамын. Шешкілерің келе ме?<br>Алдым үзіп бесеуін,<br>Тағыда алдым екеуін.<br>Алдым сонда нешеуін? (Жетеуін)<br>Қандай құстар бұл өзі,<br><br>Жетіден ұшып жүреді.<br>Шұбырып тізбек құрады,<br>Қайырылмай артқа ұзады. (тырна)<br>- Балалар, қарандаршы барлық жерде жеті деген сан шығып отыр, олай болса жеті санының қасиетіне тоқталып өтейік. Тақтаға назар аударайық. | Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br><br>- терезеге қараймыз.<br>- Күнді, күн сәулесін көреміз.<br>Балалар қолдарын шапалақтайды.<br><br>- Алақанның жылуын<br>- Күніміз жарық болсын! Аспанымыз ашық болсын! Күніміз сәтті болсын! Деніміз сау болсын!<br>- Құстарды.<br>Жұмбақ шешкілері келетіндерін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру – іздестіру** | - Бүгін біз сендермен сұрақтарға жауап бере отырып, Ғарыш әлеміне саяхатқа шығамыз. Ғарыш әлеміндегі жеті қат көктің аттарымен таныс боламыз.<br>**«Ғарыш әлеміне саяхат»**<br>1. Ай деп аталады. Айда бізден апта күндерін атап беруімізді сұрайды.<br>"Апта күндері"<br>- Ал бүгін аптаның қай күні?<br>2. Күн деп аталады. Күнде бізден табиғаттағы жеті түсті атап беруімізді өтінеді.<br>"Табиғаттағы жеті түс"<br>- Балалар, сендер сурет сабағынан түстерді білесіңдер, қане, айтып жіберейікші.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біз тынығып аламыз<br>Орнымызды табамыз.<br><br>3. Есекқырғын (Меркурий) деп аталады. "Жеті ата"<br>- Жеті атамызды білетін балалар бар ма? Атап жіберейікші.<br><br>«Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер»,<br>«Жеті атасын білмеген – жетесіз» - деген қазақ халқында мақалдар бар.<br><br>4.Қызыл жұлдыз (Марс) "Жеті қазына"<br>• Ер жігіт<br>• Сұлу әйел<br>• Ақыл, білім<br>• Жүйрік ат<br>• Қыран бүркіт<br>• Берен мылтық<br>• Жүйрік тазы (ит)<br>Ойын: "Жетеуін ата"<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, | Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі<br>- Сейсенбі.<br><br>1. қызыл<br>2. жасыл<br>3. көк<br>4. сары<br>5. күлгін<br>6. көгілдір<br>7. Сарғыш<br><br>Жеті ата<br>1. Әке<br>2. Бала<br>3. Немере<br>4. Шөбере<br>5. Шөпшек<br>6. Немене<br>7. Туажат<br><br>Терек<br>Қайың<br>Ағаш<br>Емен<br>Қарағаш<br>Шырша<br>Өрік<br>Алма |

| | | |
|---|---|---|
| | тапқырлыққа, алғырлыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: тәрбиеші кез – келген затты атайды, оқушылар соған байланысты жеті заттың атауын атау керек. | |
| **Рефлексивті түзетуші** | Бүгінгі оқу қызметін пысықтау үшін біз «Ғарыш әлемінен не білдік?» деген сұраққа жауап береміз. | Оқу қызметін қорытындылауға қатысады. |

**Күтілетін нәтеже:**
**Нені біледі:** жеті қасиетті сан екені туралы;
**Қандай түсініктерді игерді:** жеті санының мағынасын;
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**сұрақтарға толық жауап беру.

## «Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі

**Тақырыбы:** «Жақсылық пен жамандық»ертегісі

**Мақсаты:** Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету, жақсылық жасаудың адами қарым-қатынастағы мәнділігін түсіндіру.жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту;жамандықтан аулақ болуға тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** жақсылық жасау, жамандық ойламау

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері: Ө.Ақыпбеков<br>Жақсы болу-өзіңнен,<br>«Мен қандаймын!» деп ойла.<br>Жаман болу өзіңнен,<br>Өзіңді өзің қолыңа ал,<br>Өз-өзіңді ая да,<br>Өзіңсің ақыл-айнасы.<br>Өзің үйрен, өзіңнен,<br>Тиеді саған мәні бар.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>«Өзіңді тану» пайдасы.<br>Жақсы болу өзіңнен.<br>-Балалар, мен балабақшаға келе жатып ұша алмай тұрған құсты тауып алып, алып келдім. Оның аяға жараланыпты. Оған көмектесеміз бе? | Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br>Өлең шумақтарын қайталайды.<br><br>Құсқа көмектескілері келетіндерін айтады. |
| **Ұйымдастыру – іздестіру** | - Жақсылық жасау деген не?<br>Жақсылық жасау дегеніміз-өздерің айтқандай адамдарға, айналаға, құстарға, табиғатқа қайырымдылық пен қамқорлық жасауды, көмек көрсетуді білдіреді.Адамдардың бір-біріне жиі жақсылық жасауы, оларды жақындастырады, достастырады. Олардың бір-біріне деген сыйластығы артады. Сендерге қазір осы туралы ертегі оқып беремін.<br>Мәтінмен жұмыс:<br>«Жақсылық пен жамандық» ертегісі<br>Ертеде Адам ата өз ұрпағын сынау үшін адамның оң иығына жақсылық-ты, сол иығына жамандықты отырғы-зып қойыпты. Адам бір іс жасарда жақсылық «істе» десе, жамандық «істеме» деп сыбырлайды екен. Сөйтіп адамның | Өз ойларын айтады.<br><br>Тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | десе, жамандық «істеме» деп сыбырлайды екен. Сөйтіп адамның бойында қай қасиет басым екенін байқамаққа оны сапарға аттандырыпты. Адам біраз жол жүріп, өзен жағасымен шаршап келе жатса, судың жағасына шығып қалған балықты көреді. Балық секіріп суға жете алмай жатыр екен.<br>Жақсылық жаны ашып:<br>-Адам, ана балыққа көмектесіп жібер,- десе Жамандық:<br>Қой, жөніңе жүре бер, уақытыңды алма,- дейді.Адам балықтан әрірек асып барып, артына бұрылып қарайды. Балық шарасыздан көзі жәутеңдеп, көмек сұрағандай болады. Адам шыдай алмай кері бұрылып барып, балықты суға салады. Балық ризашы-лығын білдіріп, суда ойнақшып, секіріп, құйрығын бұлғаңдатып суға сүңгіп кетеді. Адам одан әрі жүре береді. Бір теректің қасынан өтіп бара жатып, шыр-шыр еткен дауысты естіп тұра қалады.Қараса кішкене ғана торғайдың балапаны ұясынан құлап қалған екен. Еңкейіп енді көтерейін деп жатса, Жамандық: Осы торғайдың балапанына бола жолдан қалмақпысың? Оны көтеріп ұясына салу үшін теректің басына шығуың керек. Мерт болсаң қайтесің? Өзің далада ит—құсқа жем боласың ғой,- дейді. Адам ойланып тұрып қалады. Жақсылық: -Ей, адамзаттың баласы, сен әлсіздерге қорған болып, қол ұшыңды беру үшін жаратылғансың. Мына бейшара балапанды ұясына сала кет. Шарапаты тиеді,-дейді.<br>Адам тағы да шыдай алмай балапанды алып, теректің басына өрмелеп шығып, ұясына салып кетеді. Балапан шиқ-шиқ етіп қанатын қағып, риза болады. Адам өз ойынан ұялып райынан қайтады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Сөйтіп Адам ата ұрпағын шақырып алып: Міне, балам, жамандыққа ерсең жаман боласың. Мен саған екі сын бердім. Екі сыннан да өттің, ризамын. Енді осылай адамдығыңнан айнымай, айналаңа қамқор болып, жамандыққа жоламай жақсылыққа жолдас бол,-деп батасын береді. Содан бері адам баласы жақсылық-пен мұратына жетіп келеді екен.<br>Сергіту сәті:<br>Баяу музыка қойылады.<br><br>-Көрдіңдер ме, балалар. Адам әрқашан жақсылық жасау керек екен. Біз мына торғайды не істейміз?<br>- Дұрыс айтасыңдар. Торғайдың аяғын байлап, жем беріп, ұшырып жібереміз. Қане, маған көмектесе қойыңдар.<br>**Д/О «Мейірімді жүрек»**<br>Шарты: қатты қағаздан әдемі етіп жасалған кескіндердің (гүлдің, жүрекшенің, көбелектің)үлгісі таратылып беріледі. | Балалар денелерін түзу, бастарын жоғары көтеріп, ыңғайланып отырады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныстайды, денелерін бос ұстап, айналадағы барлық тіршілік иесі оларды аялап, қоршап, қамқор болып жатқанын сезінеді. Тұла бойлары жақсылыққа, махаббатқа толғанын сезінуге ұмтылады.<br><br>Балалар ойларын айтады.<br><br>Балалар педагогпен бірге торғайға көмектеседі.<br><br>Әр бала қасындағы көршісінің жақсы қасиеттерін білдіретін сөздер айтып, сыйға береді. |
| **Рефлексивті түзетуші** | - Неліктен адам Жақсылықтың айтқанын орындады деп ойлайсыңдар?<br>- Жақсылық жасау үшін адамның бойында қандай қасиеттер болу керек? (күннің суретін бейнелеу)<br>Дұрыс айтасыңдар, егер адамның бойында осындай жақсы қасиеттер көп болса, жаманнан жиреніп, жақсы әдетке үйренеді. Яғни, адам күн нұры секілді нұрға бөленеді. | Адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық. |

**Күтілетін нәтеже:**

## «Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі

**Тақырыбы:** Ұлттық музыкалық аспаптар туралы түсінік. Домбыра
**Мақсаты:** Ұлттық музыкалық аспаптар туралы мәлімет беру, домбыраның шығу тарихымен таныстыру. Балалардың ой-өрісін дамыту. Ұлттық музыкалық аспаптарға сүйіспеншілікпен қарауға, ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** домбыра, күй шертемін, ән айтамын

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Көңілді әуенмен шеңбер бойымен жүріп өтеді,жаттығулар жасайды.<br>Балабақшам арайлы,<br>Таң шапағы тарайды.<br>Күннен шуақ аламыз,<br>Қуандырып талайды.<br>Көңілді аспаптармен,<br>Жырға бөлеп маңайды.<br>Қайырлы күн апайлар,<br>Қайырлы күн,достарым.<br>Жұмбақ:<br>Екі құлақты<br>Он тоғыз тұяқты<br>Шешуін тапшы,<br>Күмбірлеген күй<br>Төгілген сияқты.<br>Өте дұрыс,ендеше,балалар біз қазақтың ұлттық аспабы домбырамен танысайық. | Балалар шеңберге тұрып бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлайды.<br><br>Домбыра |
| **Ұйымдастырушылық – ізденушілік** | «Екі шектің бірін қатты,<br>Бірін сәл-пәл кем бұра<br>Нағыз қазақ қазақ емес,<br>Нағыз қазақ домбыра» - деп ақындар жырлағандай қазақ халқы үшін ұлттық аспаптардың орны ерекше. Атадан балаға жалғасып келе жатқан асыл мұрамыз сан ғасырлар бойы жалғасын тауып келеді<br>Домбыра -қазақ халқының тұрмысында кең тараған музыкалық аспап .Екі шекті домбыра бұрынғы заманда ән,жыр,ертегі,аңызды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса,қазір жеке шығармалар | |

| | | |
|---|---|---|
| | домбыра бұрынғы заманда ән,жыр,ертегі,аңызды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса,қазір жеке шығармалар орындайды.Домбыраның екі шегі, екі құлағы,тиегі және мойнында 19-22 пернелері болады. Домбыра - сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, қазақ даласында кеңінен танымал аспап. Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптасқан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған<br>**Сергіту сәті:**<br>Кәне балалар тұрайық<br>аспапқа қол созайық,<br>Қобызды да ойнайық<br>Домбыраны да тартайық<br><br>**Билингвальды компонент:**<br>Аспап-инструмент, домбыра-домбра<br>**Күй тыңдау:**<br>«Бұлбұл» күйі<br>(Д.Нұрпейісова.)<br>Күйдің шығу тарихын түсіндіремін. Ертеде күйші жігіт күйді жақсы көріп қолынан домбырасын тастамайды. Бір күні үйде домбырасын ұмытып шығып кетісімен оны бағып жүрген мыстан домбыраның шегін үзіп тастайды. Күйші жігіт келіп домбырасын ойната алмағасын бақсыға апарады. Ол бақсы Дина күйшіге жібереді. Сөйтіп Дина Нұрпейісова күйші әжеміз домбыраны қолға алысымен домбыра бұлбұлдай сайрайды.Содан кейін «Бұлбұл» күйі дүниеге келеді. | Балалар тыңдайды.<br><br>Бой сергітеді.<br><br>Қайталап айтады.<br><br>Күйдің шығу тарихын тыңдайды,бейнебаянға қызыға қарайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Д/ойын: «Артығын тап»**<br>Ұлттық аспаптардың суретінің ішінен өзге ұлттың аспабын табуын сұраймын.<br><br>***Нені есімізге сақтаймыз?***<br><br>*Домбыра* | Бірге орындайды.<br><br>Ойынға қатысуға тырысады.<br><br>*Басы*<br>*құлағы*<br>*мойны*<br>*пернесі*<br>*ішегі*<br>*шанағы*<br>*тиек*<br>*түймесі* |
| **Рефлексивті түзетушілік** | -Балалар, бүгінгі оқу қызметінде немен таныстыңдар?<br>-Қандай аспаптар?<br>-Ұлттық аспаптарға қандай аспаптар жатады?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Домбыра –халқымның сыры,<br>Қобызым- Қорқыттың үні.<br>Жалғассын қазақтың ұлы күйі,<br>Ұрпақтан ұрпаққа айтылар жыры.<br>Қорытындылау, қоштасу. | -аспаптармен.<br>-ұлттық аспаптар.<br>-домбырамен таныстық.<br><br>Балалар көңілді қоштасады. |

**Күтілетін нәтеже:**
**Нені біледі:** қазақ халқының ұлттық аспаптары туралы;
**Қандай түсініктерді игерді:** аспаптардың шығу тарихын, қалай пайдаланатындығын;
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** аспаптарды ажырата білді.

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент**
**Бағдарламасының конспектісі**

**Тақырыбы:**Ұлттық киімдер туралы түсінік.
**Мақсаты:** Балаларға ұлттық киімдер туралы түсінік беру. Ұлттық киімдердің суреттерін, тігілген дайын үлгілерін көрсету арқылы ұлттық киімдер туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық киімдер туралы алғашқы ұғымдарын қалыптастыру. Ұлттық киімдердің қажеттілігін түсіндіре отырып, оларды бағалай, күте білуге баулу.
**Әдіс-тәсілі:** Сұрақ – жауап, түсіндіру,іздену, топпен жұмыс,жеке жұмыс.
**Көрнекілігі:**ұлттық киімдер слайд түрінде

| **Қызмет кезеңдері** | **Этнопедагогтың қызметі** | **Балалардың қызметі** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қызығушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>-Армысыңдар достарым,<br>Бармысыңдар достарым,<br>Кәне біздер жұп жазбай,<br>Күнге биік қарайық,<br>Шаттанып бір алайық.. | Балалар өлең жолдарын айтып тұрып, бір-бірімен жылы жүзбен амандасып, жақсы күн тілейді. |
| **Ұйымдастырушылық ізденушілік** | **Ойын «Орнын тап!»**<br>(Сурет бойынша).<br>Суретте киіз үй, үй жиһаздары, ұлттық ыдыстар.Балалар шашылып жатқан суреттерден бір-бірден алып, оны тақтадағы суреттердің ішінен қайсысына тиісті соны тауып қояды.<br>**Осы кезде топқа ұлттық киім киген балалар кіреді.**<br>**Тәрбиеші:**<br>-Балалар қараңдаршы бізге қонақтар келді.<br>-Сендер бұл қонақтардан қандай ерекшелік байқадыңдар?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Балалар әр халықтың өзіне тән ұлттық киімдері болады. Міне мына балалардың үстіндегі киімдер біздің қазақ халқының ұлттық киімдері.Ұлттық киімдердің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Олардың барлығына ұлттық ою-өрнек, ұлттық оюалар салынып,әшекейленеді.(Альбомнан | Балалар орындарында отырып, шағын көрністі тамашалайды.<br><br>Балалар олардың киімдеріне таңдана қарап, мәз болады.<br>Балалар келген қонақтардың ұлттық киім киіп келгендері туралы шамаларынша айтып беруге тырысады.<br>Балалар ұлттық киімдер туралы жалпы түсінік алып, |

| | | |
|---|---|---|
| | ұлттық оқалар салынып,әшекейленеді.(Альбомнан ұлттық киім үлгілерін жалпылай көрсетіп шығу.)<br>**Сергіту сәті**<br>-Балалар енді қазір бәріміз ұлттық киімдер киіп, өзімізді бір сәт «Сән салонындамыз»,-деп елестетіп, музыка әуенімен әсем ырғақты қимылдар жасап, жүріп көрейікші. Мүмкін кейін біздің арамыздан да, атақты модельдер шығар.<br>-Біраз сергіп, демалып қалдық. Енді сендермен бір ойын ойнайық.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Қай топ тез?»**<br>**Шарты:**<br>Балалалар екі топқа бөлінеді. 1-ші топ ұлдар тобы, 2-ші топ қыздар тобы.<br>Тақтада екі ұлттық киім камзол мен шапан ілініп тұр. Екі топ балалары дайын ою-өрнектерді кезек-кезек алып, екі киімді әдемі, әрі тез әшекейлейді, сол топ жеңіске жетеді. | киімдер туралы жалпы түсінік алып, өз білетін ұлттық киімдері туралы айтады.<br>Балалар ұлттық киімдерді киіп, музыка әуенімен өздері теледидардан көрген үлгілерді жасап, жүреді, бойлары сергиді. Өздерінің модельдерше қимыл жасап, жүргендеріне риза болып, мәз болады.<br><br>Балалар ойынды екі топқа бөлініп, үлкен қызығушылықпен ойнайды. |
| **Рефлексивті-түзетушілік** | -Балалар, сендер бүгін көп жұмыс жасадыңдар.<br>Енді келген қонақтарымызда бізге бос келіп кетпей бүгінгі күннен алған әсерлерін сендерге әңгімелеп берсін. | Ұлттық киім киіп келген балалардың арасынан бір спикер шығып, бүгінгі дайын үлгідегі суреттер көмегімен қортынды жасайды. Қалғандары оған көмек көрсетіп отырады. |

**Күтілетін нәтиже :**
**Нені біледі:** Ұлттық киімдер туралы.
**Қандай түсініктерді игереді:** Ұлттық киімдердің маңызын.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Тез ойлану, шапшаң қимылдау, бір-біріне көмек көрсете білу.

**«Мәдени мұра» варнативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

Тақырыбы:Өткен тақырыптарға қайталау.
Мақсаты:Өткен тақырыптар бойынша қорытынды шолу жасау. Балалардың киіз үй жиһаздары туралы білімдерін, түсініктерін тексере отырып, толықтыру.
Сурет, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған қызметтерімен байланыстыра отырып, балалардың елестету, ойлау, қиялдау қабілеттерін шыңдау, топтық жұмыс жасату арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа баулу. Ұлтымыздың асыл мұраларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
Сөздік жұмыс: Киіз үй-ұлттық баспана, жиһаз, сандық, әбдіре

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қызығушылық | Шаттық шеңбері:<br>Балалар ұлттық музыка әуенімен орындарынан бір-біріне қарама-қарсы тұрып, жақсы лебіздерін білдіреді де, хормен:<br>Қайырлы күн жер-Ана!<br>Қайырлы күн кең –Дала!<br>Қуанышпен біз бүгін,<br>Құрамыз киіз үй айнала. | Бір-біріне жақсы тілек айту арқылы бауырмалдық, мейірім-ділік сезімдері оянады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | Ғажайып сәт:<br>Осы кезде топқа атпен шауып, Қожанасыр келіп кіреді:<br>Ассалаумағалейкум бала-лар, мен бүгін сендерге тағы келдім. Өткен жолы сендерден киіз үй жиһаздары туралы көп нәрсе үйреніп қайтып едім, бүгін де сендерден біраз нәрсені білейін де сендерге арналған тапсырмалар-ымды дайындай келдім. Маған көмектесесіңдер ме?<br>Қожеке, әрине балалар сізге көмектесуден қаш-пайды. Біз білгенімізді үйретуден қашпаймыз солай емес пе, балалар?<br>Қожанасыр:<br>Олай болса, мен сендерге қазір жеке-жеке суреттер көрсетемін, сендер ол туралы не білетіндіктер-іңді маған айтып берің-дерші. | Балалар Қожанасырды қуана қарсы алады да, онымен амандасады.<br><br>Балалар Қожанасырды тыңдап, оның әр қимылына көңіл аударады.<br><br>Балалар Қожанасырға көмектесетіндіктерін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | білетіндіктер-інді маған айтып берің-дерші.<br>(Қожанасыр дорбасынан сандық,кебеже, жукаяқ т.б суреттерді алып көрсетеді)<br>Қожанасыр қуанып:<br>Қандай тамаша! Сендер өте көп нәрсе біледі екен-сіңдер. Мен сендерге ри-замын. Енді біраз сергіп, демалып алсақ қайтеді?<br>Сергіту сәті:<br>Көкке созып қолды біз,<br>Көтерейік шаңырақ.<br>Құсша қанат қағайық,<br>Керегенісозайық.<br>Домалата айналып,<br>Киізді де жабайық.<br>Қожеке, сізге көп рахмет.<br>Балалар да сергіп демалып қалды. Енді осы сәтімізді пайдаланып, жарыс ұйымдастырып жіберсек қалай қарайсыз?<br>Қожанасыр:<br>Мен жарысуға әзірмін.<br>Олай болса, балалар мына жерден бір-бір суреттен алсын. Кімде қылқалам болса, олар суретшілер де, кімде желім болса онда олар жапсырушылар тобы болады.<br>Қожеке, сіз маған көмекші боласыз. Қазір балалар «Менің әдемі киіз үйім» тақырыбында жұмыс жасайды. Суретшілер киіз үйдің суретін салады, ал желімшілер дайын шаблондардан киіз үйді жапсырып құрастырады. Ең әдемі жұмыстарды көрме жасап, сонда қоямыз. | Балалар Қожанасырға сурет атауларын атап, оның не үшін керек екендігін шамалары келгенше түсіндіреді. Толық жауап беруге тырысады.<br><br>Екі қолдарын көкке созады.<br>Қолдарын екі жаққа созып, қа-ғады да, бір-бірінің қолдарынан ұстап созылады.<br>Шеңбер жаса айналып, қолдарын ортаға созады. Балалар киіз үйдің керегесі, шаңырағы болатынын айтады.<br><br>Балалар теріс жатқан суреттерден келіп алады да, өз топтарын анықтайды. Сөйтіп олар екі топқа бөлінеді.<br>Балалар тәрбиешінің тапсырма-сын мұқият тыңдап, тапсырманы орындайды. Тәрбиеші мен Қожанасыр аралай жүріп, бақы-лап көмек көрсетеді. |
| Рефлексивті- түзетушілік | Қожеке, сіз қалай ойлай-сыз, меніңше барлық ба-лалардың жұмысын көр-меге қоюға болатын си-яқты, барлығы | Балалар жұмыстарын қолдарын көтере отырып көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | тапсырма-ны өте жақсы орындапты.<br>Қожанасыр:<br>Мен де солай ойлап тұр-мын барлығының жұмыс-тары өте тамаша!<br>- Балалар бүгін сендер өте жақсы жұмыс жасадыңдар, сендерге Қожанасыр өте риза болып, өзінің базарлығын таратпақшы.<br>- Кәне, енді Қожекеңнің ба-зарлығын қабыл алып, Қожекеңмен қоштасайық, оның әлі талай жұмыстары бар шығар солай емес пе Қожеке?<br>Қожанасыр:<br>-Балалар сендермен уақыттың қалай өткенін байқамай қалыппын.Сендерге көп рахмет. Көп нәрсе үйрендім. Енді менің кішкене базар-лығымды қабыл алыңдар. Мен қайтайын. Әлі талай кездесерміз.<br>-Балалар енді сендерде демалыңдар. Біз үй жиһаздары туралы көп нәрсе біліп алдық. | Қожанасыр мен тәрбиешінің мадақтауына балалар өте риза болады.<br><br>Балалар қоштасады. |

**«Мәдени мұра» вариативтік компонент бағдарламасының Конспектісі**

**Тақырыбы:** «Мұрагер» ертегісі
**Мақсаты:**Балалардың сұрақ-жауап арқылы түсінгендерін айта білуге, ертегіні сахналап ойнай білуге баулу .Балалардың ой-санасын дамыту, сөздік қорын молайту танымын кеңейту;
Жасы үлкенді сыйлауға, мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.
**Сөздік жұмыс:** ертегі сыр шертеді

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Шаттық шеңбері:<br>Балалар, бүгінгі күн ерекше болмақ. Өйткені біз ертегілер еліне қонаққа барамыз. Ол үшін біз өзіміздің әнімізді айтып, орнымыздан тұрып бір айналып ертегілер еліне жетеміз.<br>Ертегілер, ертегілер,<br>Неге мені ертпедіңдер.<br>Әлемдерінің асыл шыңын,<br>Шертпедіңдер, сендер. | Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br><br>Балалар әнді айтады. |
| **Ұйымдастыру – іздестіру** | - Ертегілер еліне тап болдық. Балалар, ертегілер нешеге бөлінеді?<br>- - жарайсыңдар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер?<br>- Балалар, мына киіз үйдің ішінде шапан, камзол, неше түрлі ою-өрнектер бар екен. Сендер ою-өрнектердің түрін білесіңдер ме?<br>-Дұрыс айтасыңдар. Ұлттық бұйымдардағы ою-өрнекті шеберлер жасайды. Мұнда қараңдаршы, мына кітапта көп нүктелер бар екен. Мұндай кітапты бірінші рет көріп тұрмын. Ішін ашайын десем ашылмайды, сиқырлы кітап екен. Нүктелерін бассам өзінен-өзі сөйлейді. Мұнда «Мұрагер» деген ертегі бар екен. Ертегі тыңдағыларың келе ме?<br>Ертеде бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып: - Мен картайдым. Сендер ержеттіңдер. Қарашаңыраққа біреуіңді қалдырамын. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады.Жиған байлықтарыңды | Балалардың жауабы.<br><br>Балалардың жауабы.<br><br>(балта, қошқар мүйіз, құс қанаты, ирек Т.Б.)<br><br>Қызыға қарайды.<br><br>- Иә. |

| | | |
|---|---|---|
| | біреуіңді қалдырамын. Кімнің ақылы байлығына сай болса, сол мұрагерім болады.Жиған байлықтарыңды көрсетіңдер,-депті. Балалары әкесіне байлықтарын әкеп мақтанды. Үлкен ұлы асыл тас салған жүзігін көрсетіп:<br>- міне, менің байлығым. Жарты патшалыққа татиды. Кім бай болса, сол ақылды,-деді. Екінші ұлы сәнді киімдерін киіп, әдемілeніп келді де:<br>- мені көрген жұрт киімімнің алдында бас иеді. Мұндай киімді патша кимеген. Бәсі-бір патшалық,- дейді. Үшінші ұлы алтынмен апталып, күміспен қапталған белдігін буынып:<br>- Мұндай белдікті ешкім, ешқашан буынып көрген емес. Құны екі патшалыққа жүк,-дейді.<br>Әкесі үлкен ұлдарына қарап басын шайқады да, кенже ұлына:<br>- Сен неге үндемейсің? Сенің байлығың қане?-дейді. Кенжесі:<br>- Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын күміспен апталған белдік те жоқ. Тек жұмысқа жарамды екі қолым бар. Қайрат-жігерге толы жүрегім бар. Бар байлығым осы,-депті.<br>- Шал кенже ұлына риза болып:<br>- жұмыс істей білген адам жұтамайды,-деп батасын беріп, мұрагер етіпті. Кейін жұт болып,байдың бар малы қырылып, балалары қолдарына таяқ ұстап қалыпты. Сол кезде өнер жиған кіші баласы ғана бақуатты өмір сүріп, ел-жұртына көп пайдасын тигізіпті.<br>Сергіту сәті:<br>Сыңғыр-сыңғыр сырғалар,<br>Құлағымда ырғалар.<br>Оң қолымда-білезік,<br>Сол қолымда білезік.<br>Саусақтарда сақина<br>1,2,3<br>Білекке жинап күш.<br>Кірістік біз жұмысқа. | Балалар мұқият тыңдайды.<br><br>Бой сергітеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар, ертегі сендерге ұнады ма? Олай болса ертегіні сахналап көрейік.<br><br>- Жарайсыңдар, өте керемет орындап шықтыңдар. Көрдіңдер ме, ертегідегі атаның төрт ұлы бірдей емес екен. Кенже ұлы өте ақылды, сабырлы, еңбекқор екен. Еңбегінің арқасында жақсы өмір сүріпті. Біз де тобымызға оралып, атаның кенже ұлы сияқты екі қолымызбен кешегі атаның біткей қалған қалпағын аяқтайық.<br>**Д/О: «Ертегі кейіпкерлерін ата»**<br>Шарты: Ертегі суреттері беріледі. Қай ертегі кейіпкері екенін табу. | Тәрбиеші көмегімен ертегіні рольдерге бөлініп, сахналайды.<br><br>Балалар топқа келіп, қалпақты оюлайды.<br><br>Ойынды шарты бойынша ойнайды. |
| **Рефлексивті түзетуші** | - Бүгін қандай ертегімен таныстық?<br>- Ертегі не туралы?<br>- Әкесі балаларына не деді?<br>- Балалары дұрыс істеді ме?<br>- Егер сендерден әкелерің сұраса не айтар едіңдер?<br>ҰОҚ жақсы қатысқан балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауап береді. ҰОҚ қорытындылауға қатысады. |

**Күтілетін нәтеже:**
**Нені біледі:** байлық адамға өмір бойы жолдас болмайтыны туралы;
**Қандай түсініктерді игерді:** ертегінің мазмұнын;
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**сұрақтарға толық жауап беру.

**«Мәдени мұра » вариативтік компонент бағдарламасының конспектісі**

**Тақырыбы:** Қонақ күту-ата дәстүріміз

**Мақсаты:**

**Білімділігі:** Балаларға ыдыстармен тағамдардың аттарын айтуды үйрету оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру.

**Дамытушылығы:** Балалардың ой-өрісін дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Үлкенді сыйлауға,құрмет көрсетуге, қонақжайлыққа баулу.

**Сөздік жұмыс:** Ыдыс, тағам, қонақ, құт

**Билигвальды компонент:** ыдыс-посуда, қонақ-гость.

| Қызмет кезеңдері | Этнопедагогтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозға ушылық** | Жылулық шеңберінде тұрып, жылы лебіз, тілек сөздерін айту.<br>Балалар қуанышымызды бір-бірімізге жеткізейік.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанамыз достарым.<br>Арайлап атқан күнге!<br>Балалар суреттен не көріп отырсыңдар? | Балалар шаттық шеңберін жасайды<br>Балалар суретке көңіл аударады. |
| **Ұйымдастырушылық ізденушілік** | Иә, қыз бала шәй ішіп отыр.<br>Үстелде тұрған заттардың аттарын атайық.<br>Мынау нан, шай, тәрелке шәйнек кесе. Нан, қант, шай қант тағамдар деп аталады.<br><br>Қазақтың қонақжай да дарқан халық екенін елімізге келіп, дәм-тұзымызды татқан кез келген ұлт өкілі біледі.<br>Ұрпақтан ұрпаққа мирас болған ең негізгі дәстүрлеріміздің бірі – осы қонақжайлық. Қонақ күту, оны құрметтеу – қазақ даласында ежелден келе жатқан моральдық-этикалық қалып, қазақ тұрмысының айнымас шарты.<br>Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіндегі несібе, ризықпен бөлісу, қолынан | Сұрақтарға қуана жауап береді<br>Аттарын айтуға талпынады.<br>Сөздерді қайталайды<br><br>Қызыға тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | келген құрметті, бақытты қайтарымсыз сыйлау. Бұл іс екі жақтың арасындағы татулықты нығайтады. Қазақ «қонақпен бірге құт келеді», – деп сенген. Біздің ата-бабаларымыз қонаққа шақыруды да, оларды күтуді де, өзелері қонаққа баруды да әрі жақсы көрген, әрі қызық, қуаныш санаған.<br>**Дыбыстық жаттығу**<br>Ыс - ыс – ыдыс,<br>Ғам- ғам-тағам.<br>Ыдыстарға тағам салынады.<br>Ыдыстар үлкен кіші болады.<br>Тағамдардың түрлері ақ, қара нан болады шай тәтті болады.<br>**Ғажайып сәт.**<br>-Қонаққа қуыршақ Айжанға қонаққа барамыз ба?<br>Балалар Айжан бізге қонаққа келді. Қазақ қонақшыл халықпыз. Қонақ күтуді, сыйлауды білуіміз керек. Кәне Айжан бізге шай жасады. Қәетты, нанды тәрелкеге, шайды кесеге құямыз.Балалар тағамдарды үстел үстіне қойып бізді шайға шақырды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Аяқты нық басамыз<br>Бір отырып бір тұрып<br>Біз тыныгып аламыз<br>Қолымызды жуамыз,<br>Алжапқышты байлаймыз,<br>Дастарханды жасаймыз<br>Ыдыстарды қоямыз.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Дұрыс көрсет, ажырат»**<br>Тағамдар мен ыдыстардың суреті таратылып береді атын атағанда тез көрсетуі | Дыбыстық талдау жасады.<br><br>Балалар орындарынан тұрып сергіту сәтін қимылмен жасайды.<br><br>Балалар ойынды қызығушылықпен ойнады. Тағамды ыдысты ажырата білді |
| **Рефлексивті түретушілік** | - Балалар, бүгінгі ҰОҚ-де қандай жаңа білім алдық?<br>- ҰОҚ несімен ұнады? | ҰОҚ-не қорытындылауға қатысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Жақсы қатысқан балаларды мақтап мадақтау | |

**Күтілетін нәтеже:**
**Нені біледі:** Тағамдар мен ыдыстардың аттарын
**Қандай түсініктерді игерді:** Ыдыстар және тағамдар туралы сөйлем құрастыра білу дағдысын.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қонақ күтуді.